



НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Биыл мегаполисте қай тауар көп өндірілді?

САХНА



«ХАН СҰЛТАН. АЛТЫН ОРДА»

рухани өмірдегі жаңалық: опера премьерасы

ДЕНСАУЛЫҚ



ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҚАРСЫ ПРЕПАРАТ

сынақтан сәтті өтті

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

СУПЕРҚАҺАРМАНДАР

аула сыпырушыларға көмектесті

Алматыдағы «Атакент» іскерлік ынтымақтастық орталығының алдындағы серуен алаңында тазалау жұмыстары кезінде аула сыпырушыларға Халқ, Өрмекші адам, Бэтмен мен Супермен келіп көмектесті. Олар көшені тазалауға атсалысып, қала тұрғындарын Алматыны таза ұстауға шақырды.

Айнабай МӘДІ

Әдетте, әлемді құтқарумен айналысатын суперқаһармандар қолдарына сыпырғыш алып, көшені тазалауға арсынбады. Мәселен, Өрмекші-адам өтіп бара жатқан тұрғындарға қолқа салып, тротуарды тазалауды ұсынды. «Мен тұрғындарға жақындап, тазалауға көмектесуді сұрадым. Біреулер сыпырғыш алудан бас тартты, ал басқалары қуана-қуана келісті. Бір қызылордалық азамат Алматы өте таза екенін және мұнда жиі сенбілік өтетінін айтты. Сонымен қатар, мен балаларды сыпыруға үйреттім, олар бұл істі қуанышпен орындады. Егор есімді бала Алматыда тазалықтың себебі – мұнда көп тазалаушылар бар екенін айтты», – деді Өрмекші адам. Бэтмен мен Супермен кокыс арбасын машинаға дейін жеткізуге көмектесті. Ал Халқ жолда тұрып қалған жүк көлігін итерісіп шығаруға көмектесті. «Көшелерді тазалауға достарыммен бірге

САРАПТАМА

ИНТЕГРАЦИЯ МЕН ИННОВАЦИЯ

Алматы – экономикалық дамуда өңірлер арасында көшбасшы



2024 жыл – әлемдік экономика үшін күрмеуі қиын, күтпеген өзгерістерге толы жыл болды. Халықаралық саясаттағы саяси өзгерістер жаһандық логистика саласына, сауда айналымына әсерін тигізді. Десек те, Қазақстанның экономикасы әртараптандырылғандығы себепті аталмыш кезенді толықтай еңсеріп өткендей. Еліміздің экономикалық драйвері саналатын Алматы қаласы биылғы жылды оң экономикалық өсіммен қорытындылауда. Бұл кезеңде Алматыда қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,1%-ды құрап, қаланың жалпы өңірлік өнімінің (ЖӨӨ) өсімі 5,5% деңгейге жеткен. 2025 жылы бұл көрсеткіш 6,4%-ға дейін артады деп болжануда. 2024 жылдың алғашқы тоғыз айының ресми қорытындысы бойынша қаламызға жалпы құны 1133 млрд теңге инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда, 8,1% өсті. Мақаламызда Алматы қаласының экономикалық әлеуеті мен мүмкіндігін талқылап көрелік.



шығып, көмектесу маған ұнады. Бұл – маған жер-жаһанның тазалығын сақтаумен салыстыруға болатын тың тәжірибе. Аула сыпырушылардың еңбегін өте жоғары бағалаймын. Олардың жұмысы өте қиын, олар сықылды жұмыс істей алмас едім. Дегенмен, алматылықтардың өте мейірімді әрі қаланы таза ұстауға әрдайым көмектесетініне сенімдімін», – дейді Супермен.

Экологиялық акцияны ұйымдастырушылар тұрғындар мен қала қонақтарының тазалық сақтау мәселесіне назарын аудартқысы келетінін айтты. Мұндай шара қоғамның табиғат алдындағы жауапкершілігін нығайтып, Алматыны баршаға жайлы қала етуге көмектеседі.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

3.12.2024

<

www.aqshamnews.kz



САРАПТАМА

ИНТЕГРАЦИЯ МЕН ИННОВАЦИЯ

Алматы – экономикалық дамуда өңірлер арасында көшбасшы

(Басы 1-бетте)

- 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматының жалпы өңірлік өнімі 3,5%-ға артқан. Экономиканың негізгі өсім драйверлері көлік саласы (+21,6%) және құрылыс (+11%) болып отыр. Биылғы жылы қаламызда азық-түлік өнеркәсібі өндірісінің өсімі қарқынды. Азық-түлік өнідірісі 84,6%-дан 89,3%-ға өссе, сусындар өндірісі 56,9%-дан 91,3%-ға дейін өскен.

ИДЕЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ҚАРҚЫНЫ

Соңғы жылдары Қазақстан экономикасы түрлі тәуекелдерге қарамастан жүйелі даму мен жүйелі реформалар негізінде тұрақты өсім көрсетіп келеді. Жыл басынан бері орын алған шикізат экспорты бағытындағы өзгерістер отандық экономиканы жаңа жағдайларға бейімделуге негіздеп, тұрақтандырды. Ұлттық экономиканың негізгі бағыты экономиканы әртараптандырып, мұнай мен газ экспортына тәуелділікті төмендету арқылы ішкі тұтыну нарығын дамытуға

жағдай жасау, инфрақұрылым мен инновацияға негізделген жаңа салаларға инвестиция көлемін ұлғайту басты назарға алынған.

Алматы қаласы экономикалық хаб ретінде шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше ден қойып отыр. Биылдың өзінде қаладағы шағын және орта бизнес субъектілері саны 6,2%-ға өсіп, 361,1 мыңға жетті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді алғанда бұл көрсеткіш Алматы қаласының ұлттық экономикамыздағы жалпы өңірлік өніміндегі үлесін 60%-ға дейін арттырады деп күтілуде.

Қалалық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары саласында 2024 жылы оң өзгерістер бары анық. Мысалы, инженерлік инфрақұрылым саласында 219 км жаңа су және кәріз желілері салынды, 27,3 км желі жаңартылды, сондай-ақ 66 км электр желілері қайта жөнделген. Бұл жаңартулар қаладағы жеңіл өнеркәсіп пен инновациялық идеялардың жаңа қарқын алуына негіз болуда.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ЖАЙЛЫ АЙМАҚ

2024 жылдың алғашқы тоғыз айында Қазақстан экономикасы-

на 9,8 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Ел экономикасына ең көп инвестиция салған елдер қатарында Нидерланды елі 2,1 миллиард доллармен көш бастаса, екінші орында Ресей – 1,7 миллиард доллар және үшінші орында Бельгия – 764,7 миллион доллар. Аталмыш шетелдік тікелей инвестицияның басым бөлігі Алматы қаласына құйылғандығы айқын. Биылғы жылдың алғашқы тоғыз айында Алматыға тартылған тікелей шетелдік инвестиция құны 1133 млрд теңгеге жеткен. Жыл соңына дейін екі млрд теңгеге жеткізу жоспарланған.

Қаламыздағы шетелдік инвесторлардың бірден-бір мысалы, 2022 жылдың күзінде Astana Motors компаниясы мен Қытайдың Chery Automobile Company, Changan International Corporation және Great Wall Motor автомобиль концерндерімен меморандумдарға қол қойып басталған көпбрендті зауыттың құрылысы жобасы. Аталмыш жоба қаламызда жылына 90 мың автомобиль шығаруға мүмкіндік беретін өндірістік қуатқа ие. Осындай ауқымды жобаларға негіз болатын Алматының индустриялық

аймағын 2025-2026 жылдары аралығында 194 гектарға кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі таңда тек Қазақстан үшін емес, тұтас әлем халқы экологиялық дағдарысты бастан өткеріп отырғандығы айқын. Десе де, құрлықтық мемлекет Қазақстан үшін де экологиялық салада тұрақты дамуды қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл салада Алматыда қаланың жасыл қорын ұлғайту, жасыл желектерді күтіп ұстау бойынша жүргізілетін жұмыстарға ерекше назар аударылып отырғандығын көреміз. Биылдың өзінде қалада 110 км аймақта тамшылатып суару жүйесі орнатылып, жалпы саябақ аумағы үлесі 996 гектарға дейін ұлғайтылған.

Қала шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы климат қалыптастыруы себепті, жылжымайтын мүлік пен құрылыс нарығына сұраныс тұрақты түрде артуда. Алматы қаласы экономикалық басқармасының мәліметінше, 2024 жылдың алғашқы тоқсанында құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 114,9%-ға өскен. Нәтижесінде жылжымайтын мүлік бағасы бойынша

Алматы республика бойынша ең жоғары баға көрсеткішін көрсетсе, екінші жағынан шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай қалыптастырып отыр. Мұндай тандем жаһанның Сингапур, Гонконг, Токио сынды алып мегаполистеріне тән ортақ процесс.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында өңірлердің экономикалық дамуына ерекше мән берген болатын. Аймақтар арасында экономикалық дамуда біркелкіліктің болуы, тұтастай алғанда ұзақ мерзімді экономикалық даму бағдарымыздың негізін құрайды. Жалпы, Алматы 2024 жылы Қазақстанның экономикалық көрсеткіштерінің негізгі қозғаушысы ғана емес, сонымен қатар өңірлік интеграция мен инновацияның үлгісі болып отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



ҰННАН ЖАСАЛҒАН ӨНІМДЕРГЕ СҰРАНЫС КӨП

Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі сала – тамақ өнімдерін өндіру болып табылады. Тамақ өнімдері ішінде ұннан жасалатын өнімдерге сұраныс жоғары. Биыл қаңтар-қазан аралығында құны 33 млрд теңгеден астам бидай өнімдері өндірілген. Қалада 4 кәсіпорын жұмыс істеуде.

Алматыда сүт өнімдерін өндіретін 6 кәсіпорын жұмыс істейді. Биыл 10 айда онда құны 28 млрд теңгеден астам өнім шыққан. Сондай-ақ, өсімдік және мал майын өндіру көлемі де жоғары. Ет өнімдеріне де сұраныс бар.

Жалпы алғанда, барлық тамақ өнеркәсібі жақсы көрсеткішке ие. Мысалы, қазан айында қыркүйекпен салыстырғанда барлығында дерлік оң көрсеткіш тіркелген. Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу көш бастап келеді. Тек сүт өнімдерін өндіру көлемі азайған. Дегенмен, жыл соңына дейін оң өзгеріс болуы мүмкін. Төмендегі кестеде толық ақпарат беріліп отыр.

Тамақ өнімдерін өндіру	Кәсіпорындар және өндірістер саны	Өнім көлемі (2024 ж., қаңтар-қазан)	Биыл қыркүйек айымен салыстырғанда (%)
Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру	4	33 млрд тг. астам	102,7
Сүт өнімдерін өндіру	6	28 млрд тг. астам	93,1
Өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру	4	24 млрд тг. астам	115,3
Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру	2	17 млрд тг. астам	101,1
Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу	1	8 млрд тг. астам	124,7

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Биыл мегаполисте қай тауар көп өндірілді?



(Дереккөз: egemen.kz)

Газетіміздің өткен санында Алматы қаласы экономикасының драйвері – өңдеуші өнеркәсіп екенін жазған едік. Бүтін осы тақырыпты одан әрі жалғастырамыз. Өңдеу өнеркәсібінің өзі үлкен сала. Қалада халық тұтынатын біршама тауарлар өндіріледі. Ол қандай тауарлар? Олардың көлемі қандай? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

ӨНДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП ӘЛЕУЕТІ

Өндіріс орындары ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биыл қаңтар-қазан аралығында Алматы құны 1,6 трлн теңгеден астам көлемде өнім берген. Оның басым бөлігі өндіруші өнеркәсіпке тиесілі.

Өңдеуші өнеркәсіптің ішінде машина жасау, автомобиль бөлшектері, тамақ өнімдерін өндіру мен металлургия көшбасшы болған. Статистика бюросының мәліметіне сүйене отырып төмендегі кестені жасадық. Кәсіпорындар саны мен өнім көлемі бойынша машина жасау өндірісі алда тұр. Қала аумағында 30 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның өнімі 571 млрд теңгеден астам. Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда өнім төмен. Алайда, қараша-желтоқсан айларында оң көрсеткіш тіркелуі мүмкін.

Тамақ өнімдерін өндіру көрсеткіші де жоғары. Себебі, халқы көп мегаполисте сұраныс көп. Қалада 28 кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп тұр. Өндіріс көлемі де жоғары.

Өңдеуші өнеркәсіп	Кәсіпорындар және өндірістер саны	Өнім көлемі (2024 ж., қаңтар-қазан)	Биыл қыркүйек айымен салыстырғанда (%)	Осы кезең өткен жылмен салыстырғанда (%)
Алматы қ., (оның ішінде өңдеушісі)	176 (134)	1,6 трлн тг. астам	104,7	93,3
Машина жасау	30	571 млрд тг. астам	97,5	84,8
Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру	2	401 млрд тг. астам	93	78,7
Тамақ өнімдерін өндіру	28	254 млрд тг. астам	103,7	89,7
Металлургия	9	109 млрд тг. астам	103,7	110,7



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

Алматының тыныштығын сенімді қорғайды

Алматыдағы төрт және «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты барлығы 10 әскери бөлімде Ұлттық ұланның сарбаздары Отан алдындағы борышын өтеп, әскери дайындық жүргізіп келеді. Қазір Қазақстанда күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Қыркүйектің басында басталған шара желтоқсан айының аяғына дейін жалғасады. Әскер қатарына қосылғысы келетін жастардың арасынан нағыз жауынгер дайындау – жауапкершілігі зор жұмыс. Оның ішінде әскери қызметте маңызды міндет психологтарға жүктеледі. Қатарға алынған жастардың моральдық-психологиялық дайындығы жан-жақты тексеріліп, үнемі бақылауда болуы керек.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

МАМАННЫҢ БІР КҮНДІК ТЫНЫСЫ

Мегаполистің ішкі тәртібі мен тыныштығын қадағалауда Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің Ұлттық ұлан сарбаздары үнемі алдыңғы шепте жүреді. Ал сол ұландардың жауынгерлік дайындығына жауапты маңызды маман – әскери психологтың жұмысы аса көріне бермейді. Осы бөлімдегі бригаданың психологиялық қамтамасыз ету қызметінің аға офицері, аға лейтенант Гауһар Сайлауханқызынан сарбаздардың қал-жағдайын сұрап, әскери психологтың бір күндік тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

Гауһар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына 2016 жылы қабылданып, сол уақыттан бері әскери салада қызмет атқарып келеді. Ол Қаңтар оқиғасы кезінде 20 күн бойы қазармадағы сарбаздарға моральдық-психологиялық қолдау білдіргені үшін І дәрежелі «Қайсар» белгісімен марапатталған.

«БҰЛ САЛАҒА КЕЗДЕЙСОҚ КЕЛДІМ»

«Психологиялық қызметке 2015 жылы келіп, 2016 жылы әскери қызметке қабылдандым. Негізгі бұл салаға кездейсоқ келдім десем де болады. Мамандығым – психолог-педагог. Алматыдағы мектептердің бірінде психолог болып жұмыс істеп жүрдім. Бір күні мектептегі қызметкерлерді қысқарту туралы шешім қабылданды, олардың арасында мен де болдым. Жұмыс іздеп, түйіндемемді бірнеше жерге жібердім. Сөйтіп, ойламаған жерден өмірім күрт өзгеріп, әскер әлеміне тап болдым. Қазір шынында да жолым болды деп санаймын. Өйткені, әскерде сарбаздармен жұмыс істеген ұнайды. Биыл Ұлттық ұлан сапында жүргеніме 9 жыл толады екен. Мүмкін біреуге аз да, көп те емес шығар. Бірақ мен осы әскери өмірге келгеніме еш өкінбеймін», – дейді Гауһар Сайлауханқызы.

Кейіпкеріміздің бұл саладағы міндеті – жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайын бірқалыпты ұстау. Ол алғашында 5571 әскери бөлімінде 2016–2020 жыл аралығында қызмет етеді. 2022 жылға дейін Талдықорған қаласындағы 5514 әскери бөлімінде уақытша жұмыс істейді де, әскери саладағы қызметі басталған 5571 әскери бөліміне қайта оралады. Қазіргі уақытта ол осы бөлімдегі 1300-ге жуық сарбаздың психологиялық дайындығына жауапты.

«Әрине, келісім-шарт бойынша әскери қызметкерлер мен офицерлердің психологиялық күйіне назар аударуды ұмытпаймыз. Бірақ

біздің басты қадағалауда болатын жандар – ол сарбаздар. Міне, қазір бізде күзгі шақырту бойынша келген сарбаздарды қабылдау жүріп жатыр. Түн болсын, мейлі демалыс күндері болсын, кез келген уақытта бізге келген әскерге шақырылушының психологиялық дайындығын мұқият тексеруден өткізіп, қабылдаймын. Барлығын толықтай зерттегеннен кейін әрқайсысының мінез-құлқына қарай бөлімдерге, роталарға бөлінуіне қатысамыз. Әр бала әртүрлі, олардың отбасылық жағдайы да әртүрлі болады. Кейбірі әскерге дайын болып келеді. Енді бірінің отбасында Отан алдындағы борышты өтеу туралы әңгіме қозғалмағандықтан, олардың психологиялық дайындығы болмайды», – дейді ол.

Психолог келген күннен бастап бірнеше күн бойы әскерге келген баланың жан-дүниесіне үнелі. Әркімнің әскерге бейімделу уақыты әртүрлі. Кез келген ортаға тез сіңетін, тіл табысқыш балаға әскердегі алғашқы күн аса қиынға соқпайды. Әрине, әскердегі мүлдем басқа тәртіпке тап болған адам үшін ортаға бейімделу біраз уақытты алады. Әскер тәртібіне көндіге алмай біраз жүреді. Соған байланысты психологтар психокоррекциялық жұмыстар атқарады.

«Түрлі методикалық әдістер мен сауалдар қою арқылы жай-күйін анықтаймыз. Кейбір балалардың әскердегі тәртіпке үйренуі неше түрлі кезеңнен өтеді. Өзіңіз білесіз, ондай балалар міндетті түрде психо-түзетуден өтеді. Кейбіреуі жыл бойы бақылауда болады. Екі айда, жарты жылда, тіпті одан да аз уақытта адаптациядан өткендері шығарылып отырады. Тренингтерде жиі өткізіп, бағыт-бағдар беріп тұрамыз. Демалыс күндері әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Алматы қаласындағы бірнеше университетпен меморандумға отырдық. Сол оқу орындарының Психология факультетінде оқитын студенттер келіп, сарбаздарға тренингтер өткізеді. Тәжірибе алмасып, әдіс-тәсілдерді үйретеміз», – дейді кейіпкеріміз.

Ұлттық ұландықтар күн сайын кезекшілікке шығады. Жас сарбаздар қоғамдық орындар мен көшедегі құқық бұзушылықтардың алдын алып, қала тұрғындарының қауіпсіздігін күзетеді. Ал қызметке шығатын сарбаздардың психологиялық дайындығы қандай, денсаулығы жарамады ма? Олар тек әскери психологтардың рұқсатымен ғана кезекшілікке шығарылады.

«Кезекшілікке іріктелген сарбаздарды қадағалау біздің міндетімізге жатады. Себебі, әр сарбаздың мінез-құлқы бастапқыдай бола бермейді. Үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Жалпы, бұл нәрсе тек әскерилерге тән емес екенін айта кеткен жөн. Әрбіріміз еркіндікті жақсы көреміз. Оң-солын енді тани бастаған балада әртүрлі жағдай

болуы мүмкін. Күйзеліс кезі, атанасымен, кездесіп жүрген қызымен ұрсысып қалуы мүмкін. Сол себепті, визуалды диагностика тәсілдері арқылы әр сарбазды тексеріп отырамыз».

5571 әскери бөлімінің психологиялық қамтамасыз ету қызметінде Гауһардан бөлек тағы 5 психолог бар. Әр психологтың өзіне жүктелген міндеті әртүрлі. Оқу пунктіне келген жас сарбаздарға жауапты маман, сондай-ақ, бірінші құрамдағы үш психолог пен батальонға қарасты психологтар жұмыс істейді. Әскерге келген баланың психологиялық дайындығы бар-жоғын қалай тексереді?

«ЕҢ КҮШТІ ҚАРУ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУ»

«Қай уақытта болсын міндетті түрде барлық баланы қабылдауымыз керек. Негізгі, бәрінің қандай күйде екені автобустан түсіп, біздің алдымызға келгенге дейін білініп тұрады. Бірақ біз де қателесуіміз мүмкін. Адам біреу түзіл өзін өмір бойы танымай жатады ғой. Сондықтан сол күннен үш күн асырмай барлығынан тест аламыз. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жұмыс істейтін психологтар үшін бір жүйеге келтіріліп, қабылданған арнайы тест бар. 271-бұйрық бойынша сол 7 түрлі тестті сарбаздарға орындатып, одан соң әртүрлі психологиялық әдістемелермен жеке өмірі туралы сұхбат жүргіземіз. Ол кезде тесттің нәтижесі мүлдем бөлек болады. Жеке сұхбатта тағы да қосымша мәліметтерді алуымыз мүмкін. Жас сарбаздардың психологиялық жағдайын анықтауға арналған мұндай тексеріс 2 ай бойы үздіксіз жүргізіледі. Қазіргі таңда бақылауымда 71 сарбаз бар», – дейді маман.

Әскерге шақырылғандардың арасында түрлі тағдыр иелері бар екенін айтқан психолог әр баланы жігерлендіріп, әрқайсысының тілеуін тілеп жүретінін жеткізді. Бір мезгілде бірнеше сарбазды жеке қабылдап, психологиялық жағдайынан бөлек, денсаулығын қадағалап, балалардың патриоттық сезімін оятуға да атсалысып келеді.

Гауһар Сайлауханқызы еліміздегі әскери комиссариат қызметкерлерінің жұмысына көңілі толмайтынын да жасырмады.

«Бізге әскери борышын толық өтемей, яғни бір жылға жетпей үйіне қайтатын сарбаздар болды. Тоғыз жылдық тәжірибемде ондай балалар бірден байқалатынын түсіндім. Ол кезде Талдықорғандағы әскери бөлімде қызмет етемін. Бір ерекше бала әскер қатарына алынды. Алғашқы күні алатын тесттердің бәрінен өтті. Бірақ өте баяу, деңгейі төмен болды. Нәтижесін қарап, көмектесуге тырыстық. Әртүрлі кеңестер берілді. Ол бала жазда келген болатын. Мен күзді күтіп жүрдім. Адаптация ұзақ жүретін балаға

психолог ретінде болжам жасаймын. Қатты бақылауда ұстадым. Мінезі жарқын, әскердегі достарымен емін-еркін әңгімелеседі. Қысқасы, ортада өзін жақсы ұстайды. Бірақ бір мезетте басқа адамға айналады. Өте агрессивті, сол сәтте жанындағы адамға қол жұмсауға дейін барады. Ол бөлімде әскери психиатр болмады да, қаладағы басқа ақылы психиатрларға апарып, қаратып жүрдім. Сол кезде психиатр бұл балаға тура өзі ойлағандай диагноз қойып берді. Әскерге келмей тұрып баланың психологиясында ақау болған екен. Тіпті, әскерде жүріп өз-өзіне қол жұмсағысы келген кезде болды. Жарамды емес екенін анықтап, төрт айдан кейін үйіне қайтарған болатынбыз. Зерттей келе, оның әкесінің де сондай болғанын анықтадым. Алматыға келгенде анасының өзі айттып берген еді».

Әскери психологтың айтуынша, мінезі қиын, әскери борышын өтеуге құлық танытпаған баланың өзі әскерге келіп, мүлдем басқа адам болып шығады.

«Тағы бір сарбазым есіме түсіп отыр. Анасы өмірден ерте өткен. Ал әкесі баласын оқытпаған, ешқандай шығармаған. Қоғамнан оқшау ұстап, тәрбиелесен. Әскерге дейін ешкіммен араласпаған, мүлдем досы болмаған балаға бұл жақта өте қиын болды. Бірден үлкен ортаға тап болды. Сол баламен бір жыл бойы жұмыс істедім. Жүзі жеке сұхбат жүргізіп, психологиялық тренингтердің бәріне қатыстырыдым. Нәтижесінде тұйық баланың мінезі ашылып, ортаға үйренді. Әскерде жүріп спортпен айналыса бастады. Отан алдындағы борышын шын сезініп, әскери борышын толық өтеп шықты. Әскери билетін алып, бізден кетсе де, қазір ол баламды әлеуметтік желіде бақылап тұрамын. Спортпен тұрақты шұғылданады. Өзінің күнделікті жаттығуларын парақшасына жүктейді. Арасында маған рахметін айтып, жазып тұрады. «Сіз болмағанда мен қалай болар едім? Әскерге барғаным – өмірімдегі ең дұрыс шешімдерімнің бірі» деп жазғанда, бұл жақта босқа жүргеніңді ұғасың.

Қазір қоғамда әскер десе үрке қарайтындар көбейгенін жасырмаймын. Бірақ бізде әскерге дейінгі тексеріс, баланы әскерге жарамды, не жарамсыз деп іріктейтін әскери комиссариат қызметі дұрыс жолға қойылмаған. Бұл – менің ғана емес, басқа да әріптестерімнің жанайқауы. Шыны керек, комиссариат қызметкерлері дұрыстап тексермейді. Оны сарбаздардың өздерінен де естіп жатамыз.

Білесіз бе, тіпті бізге жақ сүйегінің жартысы пластик сарбаз келді. Әскерге жарамсыз екені түсінікті нәрсе ғой. Өкінішке қарай, психикалық ауытқуы бар адамдарды ғана емес, денсаулығы жарамайтын балаларды да жібе-

ре салады. Әр баламен жеке жұмыс істеп, тексере келе, көп сарбаз әскерге дейін психиатриялық болуында емделген болып шығады. Сондықтан әскерге дейінгі комиссариаттың жұмысын бір жүйеге келтіру керек деп санаймын. Бұл жерде мен тұтас әскердің атынан емес, жеке өзімізді пікірімді айтып отырмын».

ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГ ӘЙЕЛ АДАМ БОЛУЫ КЕРЕК

Сарбаздардың болашағына алаңдап, әр баланың мәселесін жан-тәнімен түсінуге тырысатын кейіпкеріміз әскери психолог әйел адам болуы керек деп санайды.

«Қарулы күште жүрген әйелдердің бәрі өте мықты. Осы салаға келгелі түсінгенім, әскердегі әйелдердің жауапкершілігі мол, сарбаздарға ерекше көзқараспен, өзінің баласындай қарайды. Негізгі әйел адам ер адамдарға қарағанда мінезі жұмсақ болады ғой. Әскери өмірде олар мейірімділік пен қаталдықты, жауапкершілікті бірге алып жүреді. Өзінің бала-шағасын тәрбиелеп, қайын жұртына қызмет етіп үлгеріп жатады. Қазір байқасаңыз, әскери психологтардың дені – әйел адамдар. Осы қызметте қыз-келіншектердің болғаны дұрыс деп ойлаймын. Себебі, әскери ортада да кей кездері еркіндікке ерік берген жөн. Әрине, қатаң тәртіп болмаса, әскер «әскер» емес. Ал психолог мамандармен әңгімелесу жас сарбаздардың қалыптасып кетуіне керек. Әскер қатарына келген жас сарбаздармен үнемі сырласып, әңгімелесіп отырмаса, болмайды. Әскерде еркек пен әйелдің әртүрлі рөлі бар», – дейді ол.

ТІКТОК: САРБАЗДАР ДА ТРЕНДТЕН ҚАЛМАЙДЫ

Кейіпкеріміз туралы қызықты ақпарат, ол – ТикТок әлеуметтік желісінде танымал, бірнеше мың оқырманы бар. Әскери өмірдің қызықтары мен өзінің психологиялық сабақтарын жиі жүктеп тұратын Гауһардың айтуынша, оқырмандардың көбі әскерде жүрген сарбаздардың ата-аналары мен туыстары екен.

«Талдықорғаннан Алматыға ауысып келген кезде әкемнің баласы, жиенім «психолог сағатында түсірген видеоларды ТикТокқа салсаңызшы, ол жерде ата-аналар да отырады, әскердегі балаларын көріп, көңілі жайланады» деген ұсыныс айтты. Бір-екі видеоны жүктедім. Қарасам, бәрі жақсы қабылдап, оң пікірлер жазыпты. Сол қысқа ғана видео көп қаралым жинағаннан кейін, әріқарай іздене бастадым. Сабақтағы қызықты жайттарды жүктедім кейін сарбаздармен бірге түскен видеолар да оқырмандарға ұнады. ТикТогымнан өзінің баласын көрген ата-аналар жекеме шығып, жақсы тілектерін жазып жатты. Көптен көрінбей кетсе, «менің баламды көбірек түсірсеңізші» деп ренжіп жазатын аналар бар. Тіпті, біздің әскери бөлімнен басқа жерде борышын өтеп жүрген сарбаздардың ата-аналары хабарласып: «Менің балам Қарағандыда, сол жаққа барып видеосүріңізші» дейтін оқырмандар да табылады. Оларға: «Ренжімеңіз. Мен Алматыдағы әскери бөлімдемін. Қостанайға, Қарағандыға бара алмаймын деп жауап жазамын».

Қазір трендте – шынайылық. Ойдан шығару деген жоқ. Күнделікті жұмысымды, сабақтарымды қалай бар, сол қалпында таспалап, желіге жүктеймін. Психологиялық жаттығуларды тек әскери бөлімнің ішінде өткізбейміз. Сарбаздармен бірге тауға шығып, таза ауада демалып қайтамыз.

Жұмысымды жеңіл деп айта алмаймын. Дегенмен, әскерде өзге салаларға қарағанда ерекшелік бар. Тәртіп қатаң болғандықтан, жауапкершілікке мығым болуым қажет. Ал әлеуметтік желіде әскери қызмет пен патриоттық тәрбиені насихаттауды әрі қарай жалғастыра беремін».



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН»
ГАЗЕТИНЕ – 100 ЖЫЛ!

Биыл Түркістан облысының бас газеті – «Оңтүстік Қазақстан» қоғамдық-саяси газетінің шыға бастағанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, облыс орталығында басылымның ғасырлық тойы аталып өтті.

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Баспасөз қызметінің жетекшісі Берік Уәли қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын газет басшысы Абай Балажанға табыстады. Сонымен қатар, бірқатар журналист Президенттің Алғыс хатымен марапатталды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев басылымның журналистерін ҚР «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапаттады. Айтулы тойға «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» газеттерінің басын біріктіріп отырған «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директоры Ержан Қалымбайұлы қатысып, мұраттас басылым ұжымын мерейтойымен құттықтады.

Басылым өз тарихын Алаш арыстары Сұлтанбек Қожанов пен Тұрар Рысқұлов негізін қалаған «Ақжол» газетінен бастау алады. Бұл газетте қазақ руханияты мен журналистикасына еңбек сіңірген қаламгерлер мен журналистердің, ел жанашырларының қаламының ізі қалған. Газет ұжымы тек журналистикамен шектелмей, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бастамашы болып жүр. Оған дәлел ретінде қазақ күресінен «Оңтүстік Қазақстан» газетінің дәстүрлі турнирін, жас жыршылар байқауын айтуға болады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІ –
МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

Алматы қаласы әкімдігі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Мемлекеттік тіл мәселелері» атты конференция өткізді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Конференцияда «Алматы қаласындағы тілдік ахуал әлеуметтік лингвистикалық зерттеу және мониторинг» атты ғылыми монографияның тұсауы кесіліп, онлайн-платформаның таныстырылымы болды.

Іс-шара барысында жылдың басында жарияланған «Көрікті жарнама – көркем тіл», «Сәбилерді сөйлетейік», «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» қалалық байқауларының жеңімпаздары Алматы қаласы әкімдігінің дипломдары мен Алғыс хаттарымен марапатталып, ақшалай сыйлықтар табысталды.

Қазақ тілі онлайн платформада жұмыс жасайды, осылайша ғаламтор арқылы мемлекеттік тілді дамытуға мол мүмкіндік жасалып отыр.

– Қазақ тілінің кең қанат жаюы біз бен сізге байланысты екені белгілі. Әсіресе, мемлекеттік қызметтегілер жетік үйренсе, қолданса екен. Осыған орай арнайы платформа жасалды. Тілдің мерейі өсе бергей, – деді Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры Бижомарт Қапалбек.

МӘСЛИХАТ

БАСТЫ МАҚСАТ –
2024 жылдың ең өзекті мәселелерін шешу

Қала Мәслихатының кезекті XXIV сессиясында 2024 жылға арналған бюджетке өзгерістер енгізілді. Қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин түзету Мемлекеттік сатып алудан үнемдеуге, қаражаттың бір бөлігін 2025 жылға ауыстыруға және қаражатты басым міндеттерге қайта бөлуге байланысты екенін атап өтті.

«Қаржыландыруды кейінге қалдыру жобалардан бас тартуды білдірмейді. Бұл келесі жылы қайта құру мен күрделі жөндеуді сапалы аяқтауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Асқар Әмрин. Оның айтуынша, басты назар 2024 жылдың ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.

«Алматы қаласының әкімдігі алғаш рет жобаны қала маңындағы аймақта қаржыландыруда. Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Алматы облысының Іле және Қарасай аудандарында «Алматы – Байсерке –

Талғар» газ құбырының екінші желісін салу үшін 95 жер учаскесін алу үшін тиісті бюджеттік бағдарламалар ашылды», – деп толықтырды Алматы қаласы әкімінің орынбасары. Бұл жобаның аяқталуы ЖЭО-ның экологияға теріс әсерін азайтуға, сондай-ақ Алматы агломерациясы халқына газды сенімді және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша Алматы облысына Алматы қаласының жергілікті бюджетінен 883,1 млн теңге аударылады.

Алматы қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбековтің айтуынша, 21,3 млрд теңге көлеміндегі қаражат әлеуметтік маңызы бар жобаларға бағытталатын болады.

Білім беру саласына 4 млрд теңге балабақшаларды қайта жаңартуға, мектептерді салуға және жарактандыруға бөлінді. Денсаулық сақтау саласына студенттердің гранттары мен стипендиялары үшін 398,6 млн теңге, сондай-ақ жаңа медициналық мекемелерді жобалауға 21 млн теңге қарастырылған. Азаматтарды әлеуметтік қолдау және «Алматы жастары» бағдарламасы үшін 1,4 млрд теңге бөлінді, бұл жас мамандар үшін 80 ипотекалық қарызды қамтамасыз етеді. Көлік инфрақұрылымына 5 млрд теңге, оның ішінде

4 млрд теңге қоғамдық көлікті субсидиялауға және 967,4 млн теңге Абай даңғылының тесінін салуды жалғастыруға жұмсалды.

Сессияда сондай-ақ, Алматының 2030 жылға дейінгі тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы бекітілді. Ол ескі және апатты үйлерді жаңартуға, тұрғын үй аумақтарын, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ бас жоспарға сәйкес қаланың эстетикалық келбетін жасауға бағытталған.

Сонымен қатар, депутаттар мегаполистің тұрақты энергия жүйесін құру үшін жаңа қосалқы станциялар мен электрмен жабдықтау желілерін салуды көздейтін Алматының 2030 жылға дейінгі электр желілерін дамыту жоспарын қолдады.

Сессия аясында депутаттар Коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуіне байланысты әлеуметтік көмек ережелерін бекітті. Депутаттық корпусының ұсынысы бойынша әлеуметтік көмек төлемдері 2024 жылғы 1 шілдеден бастап жүргізіледі және 2025 жылғы 31 наурызға дейін жалғасады. Бұдан басқа, тексеру комиссиясының ережесіне түзетулер енгізілді.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ЖОБАСЫ

Айдос САРЫМ:

САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУ ОНЫ ТӨЛЕМЕУДЕН
АРЗАНЫРАҚ БОЛУЫ КЕРЕК

Алматыда өткен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысында жаңа Салық кодексінің жобасы талқыланды. Жиынға Қоғамдық палата төрағасы Айдос Сарым жетекшілік етіп, Мәжіліс вице-спикері Дания Еспаева, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, кәсіпкерлер мен сарапшылар қатысты.

Айдос Сарым Салық кодексінің жобасын талқылауға арналған жиынды Алматы қаласында өткізудің маңыздылығына тоқталып, мұнда барлық деңгейдегі бизнес шоғырланғанын және кәсіпкерлер белсенді жұмыс істейтінін атап өтті. Спикер Мемлекет басшысы қыркүйектегі Жолдауында салық заңнамасы мәселелерін Үкімет пен Парламентте жан-жақты талқылап, қажетті шешімдер шығаруды тапсырғанын еске салды.

– Қыркүйек айынан бастап Мәжіліс жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеп жатыр. Оның таныстырылымы кезінде

қызу талқылау болды. Әрине, түрлі платформадағы талқылауларға, сарапшылардың ұсыныстарына қарамастан, жоба әлі де біз ойлағандай деңгейге жетпей жатыр, толық пісіп-жетілуі керек, – деді А.Сарым.

Депутат түзету енгізе бермейтін, болашақта тұрақты жұмыс істейтін кодексті қабылдау міндеті тұрғанын атап өтті. Ол кәсіпкерлерді ашық жұмыс істеуге, салық төлеуге мәжбүрлемей, ынталандыруы қажет. Бұл ретте оның басты міндеті «салықты төлеу оны төлемеуден арзанырақ» болуы керек.

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат

Әмрин жаңа Салық кодексі жобасының салық саясаты бөлігіндегі негізгі бағыттары туралы ақпарат берді. Ол бұл жоба салық төлемдерін азайтуға, салық жеңілдіктерін оңтайландыруға, корпоративті табыс салығы мөлшерлемесін саралауға және арнайы салық режимдерін реформалауға бағытталғанын айтты. Сондай-ақ, жекелеген нормативтік құқықтық актілерде жер қойнауын пайдаланушылар мен жеке тұлғалар үшін инвестицияларды ынталандыру және салықтық реттеу қарастырылған.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Нұржанов салықтық әкімшілендірудің сервистік моделі деп аталатын түрі енгізіліп, салық есептілігі қысқартылып, адал салық төлеушілерге бақылау азаятынын атап өтті. Салық тәуекелдерін басқару, қосымша құн салығын әкімшілендіру, мәжбүрлеп өндіріп алу, кейінге қалдыру және бөліп төлеу жоспарларын ұсыну және басқа да ережелер қамтылған.

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты, кодекс жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Берік Бейсенғалиев, сарапшылар Ерлан Смайылов пен Наталья Малиярчук, бизнес-қоғамдастық өкілдері мен сарапшылар өз ұсыныстарымен бөлісті. Жиын барысында сөз алған «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі Тимур Жәркенов пен басқа да кәсіпкерлер өзекті мәселелерге тоқталды. Айдос Сарым айтылған ұсыныстар Салық кодексінің жобасы бойынша алдағы жұмыс барысында Мәжілісте қаралатынын атап өтті. Сондай-ақ, ол мәслихат депутаттарын Салық кодексінің жобасы бойынша Қоғамдық палата мүшелерімен пікір алмасуға және кәсіби ұсынымдар беруіне шақырды, өйткені олардың Мәжілісте қаралып жатқан заң жобалары бойынша жұмыс топтарына ұсыныстар енгізуге мүмкіндіктері бар.

Ал вице-спикер Дания Еспаева бюджет кірістерін ұлғайту мәселесінде мемлекеттің ұстанымын ескеруді сұрады. «Бүгінде шығыстардың 40 пайызы әлеуметтік салаға тиесілі. Бұл дегеніміз – жалақы, зейнетақы, білім беру, денсаулық сақтау және олар жыл сайын өсіп келеді», – деді Мәжілістің вице-спикері.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Депеккөз: mazhilis.parlam.kz).

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

955 орынды жаңа жатақхананың құрылысы басталды

Алматыда Satpaev University студенттері үшін салынатын тоғыз қабатты жаңа жатақхананың іргетасына қапсула салу рәсімі өтті.

Жаңа жатақхана 319 тұрғын бөлмеден тұрады және 955 студентке арналған. Тоғыз қабатты ғимараттың жалпы ауданы – 11 мың шаршы метрден асады, ал құрылыс алаңы – шамамен 1 гектар. Сондай-ақ, 15 көлікке арналған тұрақ қарастырылған. Аталмыш жатақхана жоспар бойынша 2026 жылы студенттерге пайдалануға беріледі.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма-

сының мәліметінше 2024 жылы 4500 төсектік 16 нысанда пайдалануға беру жоспарланса, оның ішінде 1600 орынды 6 нысан оқу жылының басына дейін пайдалануға берілді. Салыстырмалы түрде алсақ, 2023 жылы Алматыда 4000 жаңа төсек-орын ашылған еді.

Естеріңізге сала кетейік, жатақхана құрылысын тиімді үйлестіру үшін студенттік жатақханалар құрылысы бойынша жобалық кеңсе жұмыс істеп тұр. Жобалық кеңсенің негізгі міндеті Алматы қаласында жатақханалар құрылысы бойынша мемлекеттік бағдарламаны іске асыру және студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасау. Жобалық кеңсе ашылғаннан бастап 120 әлеуетті инвестор жүгінген.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

РЕНОВАЦИЯ

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

қала тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсартуды көздейді

Алматы қаласының мәслихаты «Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін Реновациялау бағдарламасын» қабылдады. Оның мақсаты – қала тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту, қалалық ортаны жаңарту және апатты тұрғын үй қорының ұлғаюына жол бермеу болып табылады.

Бағдарлама әкімшісі болып «Алматы Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (ӘКК), ал Уәкілетті ұйым болып «Алматы қаласы әкімдігінің Күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС (КҚК) тағайындалды.

Бағдарлама 1930–1980 жылдар аралығында салынған екі қабатқа дейінгі тозығы жеткен көппәтерлі үйлерді, сондай-ақ аумақ пен инфрақұрылымды жаңартуды талап ететін жеке тұрғын үйлерді, өнеркәсіптік, коммерциялық және өзге де объектілерді қамтиды. Оны іске асыру Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес, құрылыс салудың тығыздығын, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымының қолжетімділігін, сондай-ақ қауіпсіздік пен эстетиканың заманауи талаптарын ескере отырып, тұрғын аумақтарды дамытуды көздейтін болады.

Жаңа бағдарламаның басты ерекшеліктерінің бірі тұрғын үй иелерінің құқығын қорғау тетіктерін енгізу және тұрғындармен әрі жұртшылықпен өзара іс-қимылды жақсарту болды.

Реновация бағдарламасы объектілерінің тізімі үш санатқа бөлінген:

1. Инвестициялық тартымсыз (1-санат):

Қызыл сызықтарда орналасқан немесе инженерлік инфрақұрылымды, әлеуметтік немесе өзге де объектілерді салуға арналған объектілер.

Мұндай ғимараттарды сатып алуды және бұзуды жер заңнамасының нормаларына сәйкес қала әкімдігі жүргізеді.

2. Инвестициялық тартымсыз (2-санат):

Қала үшін басым тұрғын, әлеуметтік және



коммерциялық ғимараттар салуға арналған объектілер.

Тұрғындарды көшіру және учаскелерді босату КҚК-ны қамтамасыз етеді, инвесторларға жерді нарықтық құны бойынша сату көзделді.

3. Инвестициялық тартымды (3-санат):

Кешенді жаңартуды қажет ететін кварталдар, полиорталықтар немесе өнеркәсіптік аумақтар шегінде орналасқан объектілер.

Тұрғындарды көшіру және осындай объектілерді бұзуды инвесторлар қаржыландыратын болады.

Ескі тұрғын үй иелері үшін өтемақының үш нұсқасы қарастырылған:

1. Айырбастау шарты: тұрғындардың санына қарамастан, «бөлме үшін бөлме» қағидаты бойынша ескі тұрғын үйді жаңасына айырбастау.

2. Меншікке беру шарты: баламалы тұрғын үй жаңа үй тапсырылғаннан кейін беріледі. Бұған дейін тұрғындар уақытша баспанамен қамтамасыз етіледі.

3. Сатып алу-сату шарты: тәуелсіз бағалау компаниясы анықтаған нарықтық құны бойынша тұрғын үйді сатып алу.

Ғимараттарды көшіру және бұзу барлық

меншік иелерінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін бірінші қабаттарға немесе лифтермен, пандустармен және кедергісіз кірумен жабдықталған үйлерге көшу шарттары көзделген. Мегаполис тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тектоникалық ақауларда орналасқан қаңқалы-қамысты үйлер мен ғимараттарды бұзуға баса назар аударылады.

2030 жылға дейін кем дегенде 676 ескі үйді жаңарту жоспарлануда. Бұл 7500-ге жуық меншік иесін заманауи абаттандырылған пәтерлерге көшіруге мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында сарапшылар мен қоғамдық ұйымдардан бастап уәкілетті мемлекеттік ведомстволарға дейінгі барлық реновацияға қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіретін Реновация офисі (жобалау тобы) құрылды.

Реновация бағдарламасы – Алматы қаласын жайлы, тұрақты және инновациялық мегаполиске айналдыруға бағытталған стратегиялық даму жоспарының негізгі элементтерінің бірі. Бұл бағдарламаны табысты іске асыру сапалы қалалық ортаны қалыптастыруды, қала тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуды және инвесторларды тарту үшін қолайлы климат құруды қамтамасыз етеді.

ЕКІ ЖАҢА ЕМХАНА
салынып жатыр

Алматының Бостандық ауданында клиникалық-диагностикалық орталықтары бар екі заманауи емхана ашылады

Алматының Бостандық ауданында 500 келушіге арналған екі жаңа емхана салынады. Бұл туралы мегаполис әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары және тұрғындармен кездесу барысында мәлімдеді.

«Халықпен кездесулердің бірінде сіздер Левитан және Серкебаев көшелерінің ауданында емхана салу жоспарланып отырғанын айттыңыздар. Айтыңызшы, құрылыс салына ма?», – деп сұрады қала тұрғыны.

«Бостандық ауданында біз екі үлкен емхана салып жатырмыз: Левитан–Серкебаев және Сырғабек көшелерінің қиылысында. Екі емхана да 500 келушіге арналған. Олардың жанында томографтар мен МРТ бар клиникалық-диагностикалық орталық болады», – деп атап өтті әкім.

Емханалардың құрылысы 2025 жылға арналған бюджет жобасына енгізіліп, құрылыс келесі жылдың көктемінде басталады деп күтілуде.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Бостандық ауданының тұрғындарына №4, 7, 12, 17 – төрт мемлекеттік емхана, сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін жеке медициналық орталықтар қызмет көрсетеді.

КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚ

ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІК

Алматыда комьюнити-орталықтардың 13,4 мыңнан астам жас қатысушысы жұмысқа орналастырылды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Медеу ауданындағы жаңа комьюнити-орталыққа барды. Бұл – аталған аудандағы жастар үшін екінші заманауи кеңістік.

Комьюнити-орталық заманауи стильде безендірілген және бірнеше аймақтарға бөлінген. Онда конференц-зал, психологиялық, заң көмегі, жұмысқа орналасу, кәсіптік бағдар беру, кәсіпкерлік мәселелері бойынша кеңестер, жастар идеяларын жеделдетуге арналған коворкинг-аймақ, ана мен бала бөлмесі бар.

Қала басшысына баяндалғандай, осы жылдың 10 айында қаланың комьюнити-орталықтарында оқудан кейін НЕЕТ санатындағы 13,4 мыңнан астам жас, яғни оқымайтын, жұмыс істемейтін және өз біліктілігін арттырмайтын жастар жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 11 300 жас тұрақты жұмыс орнына тұрды.

2024 жылдың басынан бастап комьюнити-орталықтардың резиденттері жалпы саны 375 мыңнан астам адамды қамтитын 1500-ден астам іс-шара (дәрістер, семинарлар,

экоакциялар, зияткерлік ойындар, акустикалық кештер, викториналар мен квиздер, шеберлік сыныптары, үстел ойындары мен спорттық турнирлер) өткізді. Оның ішінде 95 мыңға жуығы комьюнити-орталықтарға келушілер, оның ішінде 27 мыңы НЕЕТ-жастар өкілдері. Орташа алғанда, әр қауымдастық орталығына тұрақты келушілер саны 1000-ға жетті, ал орталық аудандарда 3000-нан асты.

Осы жылдан бастап әрбір комьюнити-орталықта қазақстандық өндірістің фандоматтары – оларды одан әрі өңдеу үшін пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларды жинау аппараттары орнатылды. Осылайша осы жастар кеңістігіне келушілер арасында экологиялық құндылықтар қалыптасуда, ал коммуналдық орталықтардың резиденттері қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қолдай отырып, экорейнджерлер қатарын белсенді толықтыруда.

«Менің ойымша, комьюнити-орталықтары жастарды, әсіресе, НЕЕТ санаттарын қолдауға бағытталған жоба ретінде қалада танымал. Алматы жастары өте креативті, көптеген идеялар іске асырылды және көптеген ұсыныстар енгізілуде, мен оларды міндетті түрде қолдаймын. Біз жастардың бастамаларын дамытуымыз керек және жас алматылықтарды оқытуды және жұмысқа орналастыруды жалғастыру, олардың өмірлерін жайластыруға көмектесу үшін оларды әлеуметтендіру бойынша жұмыс жүргізу маңызды», – деді Ерболат Досаев.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» аясында өткен жылы мегаполисте әр ауданда бір-бірден 8 комьюнити-орталық іске қосылды. 2025 жылдың соңына дейін олардың саны 16-ға дейін жеткізілетін болады, осылайша Алматыда әр ауданда 2 комьюнити-орталық жұмыс істейтін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



«БІЗ ҮШІН НАҒЫЗ СЫЙЛЫҚ БОЛДЫ»

Бос жердің орнына жаяу жүргіншілер аймағы салынды

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша қараусыз қалған бос жер заманауи жаяу жүргіншілер аймағына айналды.

Түркісіб ауданындағы Байрон көшесі, 134 Б мекенжайындағы жаңа қоғамдық кеңістікті абаттандыру аяқталды. Қараусыз қалған бос жерді заманауи жаяу жүргіншілер аймағына айналдыру жөніндегі жұмыстар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында орындалды.

Аумағы 0,3 га болатын жаңа қоғамдық аймақ 2024 жылдың 25 қарашасында төрт айлық құрылыс жұмыстарынан кейін ашылды. Жобаға 80 метр тротуар салу, 500 шаршы метр төсеніш төсеу, 155 метр қоршау орнату, 450 шаршы метр футбол алаңын жайластыру, балалар мен спорт кешендерін құру, сондай-ақ иттерді серуендетуге арналған алаң кірді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары және аудан тұрғындарымен кездесу барысында дайын нысанды аралады. Қала басшысы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін осындай жобаларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

«Біз кез келген бос кеңістікті өзгертуге тырысамыз, тіпті тұрғындарға үйлерінің жанында демалуға мүмкіндік беретін шағын аумақтарды да пайдаланамыз. Бұл алаң аудан тұрғындары үшін тартымды орынға айналады деп сенемін», – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, тұрғындардың өтініші бойынша қала басшысы аудан әкіміне жаңа алаңның периметрі бойынша бейнебақылау камерасын орнатуды тапсырды.

Айта кетейік, мегаполисте «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы белсенді жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы жобаға 18,8 млрд теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге артық. Алматылықтар аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және ойын алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алды.

– Бұл жоба біз үшін нағыз сыйлық болды. Енді біз мына тамаша демалыс аймағында спортпен шұғылданамыз және балаларымызбен уақыт өткіземіз. Біз аумағымызды абаттандыруды өтінген едік, сөзімізді жерге тастамай, тілегімізді орындап бердіңіздер. Рахмет! Біз өз ауданымызды дамытуға және жайлы өмір сүру жағдайларын жасауға қатыса алғанымызға қуаныштымыз, – деді Аида Бейсебайқызы.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



САХНА

Алматыда Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Хан Сұлтан. Алтын Орда» операсының премьерасы өтті.

Айнабай
МӘДИ



«ХАН СҰЛТАН. АЛТЫН ОРДА»

рухани өмірдегі жаңалық: опера премьерасы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,
акын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері:

БІЗ КҮТКЕН РУХТЫ, МУЗЫКАЛЫҚ ШЫРАЙЛЫ ШЫҒАРМА

Үлкен қаламгерлер қатарында келе жатқан, бір топтың көшбасшысы, бәріміз жақсы көретін Маралтай ақынның мынадай ұлттық операға либретто жазуы – біраздан бері біз күткен жаңалық. Театрға, операға либретто жазуды соңғы кезде қаламгер қауым ұмытқан. Оны қояды деп те ойламаған. Ұсақталып, әркім өз күнін өзі көріп, ұсақталып кетті. Поэзия, соның ішінде айтыс та бизнеске айналып кеткен кезеңде мынадай жаңалық руханиятқа, мәдениетке қозғалыс әкеледі деп ойлаймын. Бұл – біз күткен, армандаған шындықпен суарылған музыкалық шырайлы шығарма. Өйткені, бұл – өзгенің емес, өз тарихымыз.

Шыны керек, операны көрдік те сүйсіндік. Ғажап талантты әншілер, жастар барына көз жетті. Шүкір, бейнені сомдайтын орындаушы да, көңіл көкжиегі кең көрермен де бар екен. Жұрттың бәрі «әллаулаймен» тойшыл боп кетпеген екен. Ертеңіме сеніммен қарайтыным сондықтан. Біздің ұлт – ұлы ұлт. Сол себептен,

әлемге аты мәлім өнер түрлерінен шет қалмауы керек. Бұл тұрғыда операсы көкке көтерілген итальян, испан, француздың, австриялықтардың несі артық. Ойлансы, ұмтылыс қажет. Бізде дауыс та жетеді. Әлемдік деңгейді бағындыру үшін бізге классика керек.

Өткен ғасырда Әміре Парижді дүр сілкінтті. Бізге Құрманғазы, Нұрғиса Тілендиевтерді Вагнер, Шопендердің қатарына қою үшін де бүгінгі таланттарды тәрбиелеп, шыңдау қажет. Құрманғазы әлемдік деңгейге шықса, Моцарттың көкесіндей болмақ. Венгердің Брансына теңесер тұлға аз ба бізде?.. Кешегі Сембинді айтпағанда, бүгін Димашымыздың даусы әлемді тамсантаып отырған шақта

Қазақтың операсы болмауы – бізге сын. Рухани өмірімізге, мәдениетімізге керемет жаңалық келіп жатыр деп ойлаймын. Жастар әлі де әлемді таңғалтатын дүниелерді жазады. Жастарды әлемдік деңгейде көтере білуіміз керек. Мына талпыныс – соның бастамасы. Бізге операдан бөлек, балет те керек. Алматыдан алыс аймақтарда бұл өрелі өнер түрлері кенже қалуда. Операға біздің сүйікті ақынымыз, кентаврымыз Маралтайдың хандар тақырыбына қалам тартып, ұлттық нақышта келуіне өте қуаныштымыз.

Ислам ХАМЗАЕВ,
Шағатай ролінде ойнаушы актер:

ОНЫҢ ӨЖЕТ МІНЕЗІ ҚАЗАҚТЫҢ БОЙЫНДА БАР

Опера театрында бүгін – тарихи сәт. Тарихи оқиғаға құрылған, ел басына күн туған сонау қиын шақтың тағдыры сахналанды. Үргеніштің қирауы Жошы ханның Алтын орданы құруы. Бір сөзбен айтқанда, Шыңғыс ұрпақтары арасында хандық интриганың болуы баяндалып, бажайланды. Операда Шыңғыс хан ұрпақтарының қандай болғандығы, олардың бір-біріне қарым-қатынасы, кездескен сәттері, осының бірі-бәрі операның өнебойынан көрініс тапты. Шағатай – Шыңғыс ханның ең сүйікті ұлы. Ол – Шағатай он төрт жасынан әке жолын қуып, өзін билікке лайықты адам екенін көрсете білген жан.

Шағатай – ұлы тұлға. Оның бойындағы өжет мінез бүгінгі қазақтардың да бойында бар. Оған еліктейтіндердің барын жоққа шығармаймыз. Оның мінезінде іске тура, батыл бару басымдау. Бұл қасиет те әр қазақтың бойында бар. Бірақ Шағатай сықылды қаныпезер болудың қажеті жоқ. Батыр да мықты адамның, әлбетте, осал тұсы да болады. Онысы әйелге деген көзқарасынан байқалады. Осыны түсіну маған біраз қиындық туғызғаны бар. Шағатайды зерделеу барысында бұған да көз жеткіздім.

ЕҢБЕК АДАМЫ – 2024

Сағынкүл ИМАНБАЕВА:

КІТАПХАНА ӨМІРІМНІҢ МӘНІ

Алматы – Қазақстанның мәдени астанасы. Еліміздің ең ірі оқу орындары мен мәдени ошақтары осы шаһарда орналасқан. Оның ішінде қала мәдениетін қалыптастыруда кітапханалардың орны ерекше. Алматылықтардың сүйікті орындарының біріне айналған №4 кітапханада жұмыс істейтін Сағынкүл Иманбаева көп жылдан бері шаһар игілігіне жұмыс істеп келеді.

рыма диктант жазғызып, баға қойғанды ұнататынмын. Бірақ мектеп бітіргеннен кейін 1982 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Кітапханатану және библиография» факультетіне оқуға түстім. Жоғары оқу орынды 1986 жылы қызыл дипломмен тәмамдап, сол жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданының орталық кітапханасына жұмысқа тұрдым. Кітапханашы ретіндегі еңбек жолым осылай басталды, – деді еңбек адамы.

Сағынкүл Каденқызы аудандық кітапханада күнделікті жұмысынан бөлек көптеген мәдени іс-шараларға қатысып, тәжірибе жинаған. Осында кітапхана ісінің қыр-сырын үйреніп, мықты маман болып қалыптасты. Білімге шөлеп келген оқырмандарға көмектесіп, өз жұмысын үлгілі атқарды. Нәтижесінде аудан халқы қажырлы еңбегімен көзге түскен сүйікті кітапханашыларын Меркі аудандық мәслихаттың депутаты қылып сайлаған.

Десе де, кітапханашы маман студент кезінде білім алған Алматыға тағы да жол түсіп, 1989 жылы қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №36 жастар кітапханасының абонемент бөліміне жұмысқа тұрады. Мұнда 3 жыл еңбек етіп, 1992 жылы №4 кітапхананың бөлім меңгерушісі қызметіне ауысады. Жаңа кітапхананың екінші үйіне айналдырған Сағынкүл Каденқызы жылдар өте жоғары

өтті: «Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар».

Сағынкүл Иманбаева Жамбыл облысы Меркі өңірінде әкімшілік қызметте істеген Каден Иманбаев пен 7 бала тәрбиелеген ардақты ана Сандыгүл Ағатайқызының отбасында дүниеге келген. Ауылдық №18 мектепте үздіктердің бірі болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Оқушы кезінде ұстаз болып, балаларға білім беруді армандады. Маманның бұл арманы тікелей орындалмаса да, «балалар мен жастарға білім беремін» деген тілегі бүгінде шындыққа айналды.

– Бала кездегі басты арманым – мұғалім болу еді. Өз сыныптаста-



қызметке келеді. Бүгінгі күні ол – Алмалы ауданында орналасқан №4 кітапхананың директоры. Білікті басшысының мұнда жұмыс істегеніе биыл 32 жыл толады.

– Мен басқарып отырған №4 кітапхана – қаламыздағы жастарға ақпараттық білім, ұлттық-рухани қызық пен қиындықты басынан өткізгенін атап өтті. Оның айтуынша, қала орталығында орналасқан, бүгінде өзі басқаратын кітапхананы сүріп, оның орнына бас пайдасы үшін өзге нысан салғысы келген адамдар да болған.

Сондай-ақ, Сағынкүл Иманбаева кітапхана саласында жүрген 40 жылға жуық еңбек жолында талай қызық пен қиындықты басынан өткізгенін атап өтті. Оның айтуынша, қала орталығында орналасқан, бүгінде өзі басқаратын кітапхананы сүріп, оның орнына бас пайдасы үшін өзге нысан салғысы келген адамдар да болған.

– 1995–1997 жылдары қала ортасында орналасқан кітапханамыздың орнына банк, дүкен, мейрамхана ашпақ болған қалталы азаматтар көп болды. Тек оқырмандардың және зиялы қауым өкілдерінің көмегімен ғана киелі шаңырағымызды сақтап қала алдық. Кітапхана кіру үшін таңғы сағат 8-де келіп, кезекке тұрған студенттер әлі көз алдымда. Қай кезде болмасын мен жұмыс істейтін №4 кітапхана білім іздеген жастар үшін киелі де құтты руханият ордасы болды және әлі де болып келеді. Менің өмірлік ұстанымым – кітапханашы деген мәртебелі атқа әрқашан лайықты болу, – деді мекеме бастығы.

Бүгін күні Сағынкүл Каденқызының ұлы мен келіні және сүйсіне «әже» дейтін немерелері бар. Жұмыстан қолы босай бермейтін басшы бос уақытын үйдегі кішкентайларына арнайды.

Әзірлеген
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Болат БОПАЙҰЛЫ,
жазушы-этнограф:

БАЙҒАЗЫ ДӘСТҮРІ

Алматы – мегаполис қана емес, рухани тәрбие мен ұлттық дәстүрлерді сақтау орны. Қаладағы түрлі мәдени іс-шаралар мен отбасылық жиындарда, әсіресе, жастар мен балалар арасында байғазы беру арқылы ұлттық құндылықтар дәріптелуде. Бұл тұрғындар арасында сыйластық пен мейірімділік қағидаларын нығайтып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұраны мегаполистің қарбалас өмірінде де жандандыруға ықпал етеді. «Байғазы» сөзінің этимологиялық мәні қазақ тіліндегі бірнеше түбірлерден құралады: «Бай» – байлық, дәулет мағынасындағы сөз. Бұл түбір байлық пен ақшаға қатысты нәрселерді білдіреді. «Ғазы» – етістік түбірі «ғазу», яғни «беру», «сыйлау» деген мағынада қолданылады. Сонымен бірге, қазақ тілінде бұл түбірдің мағынасы көбіне сыйлық, құрмет көрсету сияқты ұғымдармен байланыстырылады. Қосымша түсінік ретінде, «байғазы» сөзінің түбірі байлықты немесе құрметті көрсету әрекетін білдіретін сөздермен байланысты болуы мүмкін. Бұл дәстүр үлкендердің кішіге сыйлық беру арқылы олардың жетістіктерін және қуаныштарын бөлісу мақсатында жүзеге асырылады.

• **Сыйлық беру:** Байғазы – үлкендердің кішіге, әсіресе, балаларға және жасөспірімдерге, жаңа киім немесе зат алған кезде беретін сыйлығы. Бұл сыйлықтар ақша, малдың төлі немесе басқа да құнды заттар болуы мүмкін.

• **Құттықтау және тілек білдіру:** Байғазы бергенде үлкендер құтты болсын деген тілектерін айтып, ізгі ниеттерін білдіреді. Бұл рәсім сыйлықтан бөлек, баланың қуанышына ортақтасуды және оның жетістіктерін мадақтауды білдіреді.

• **Байғазы – қазақ қоғамында үлкендердің кішіге, әсіресе, балаларға, өздерінің құрметін және жақсылық тілектерін білдіретін сыйлық беру дәстүрі.** Оның этимологиялық мәні байлық пен сыйлықты көрсетуге байланысты, ал сөздіктегі ұғымы бұл дәстүрдің әлеуметтік және мәдени маңыздылығын білдіреді. Байғазы беру арқылы қазақ халқының сыйластық пен құрмет көрсету дәстүрлері сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі.

Байғазы – қазақ дәстүріндегі ерекше сыйлық түрі. Ол үлкендердің кішіге, негізінен балаларға, жасөспірімдерге немесе жаңа киім киген немесе жаңа зат алған адамдарға беретін сыйлығы болып табылады. Байғазы дәстүрі қазақ қоғамында үлкен мәнге ие және ата-баба тәрбиесін, сыйластықты сақтаудың бір жолы ретінде қарастырылады. Байғазының негізгі мақсаты – сыйлық беру арқылы үлкендердің кішіге ізгі тілектерін білдіру және оның қуанышын бөлісу. Бұл сыйлықтар кішкентай немесе жасөспірім адамның жаңа киім киюі, жаңа зат алу сияқты қуанышты сәттерімен байланысты беріледі.

Салт-дәстүрдің маңызы

Байғазы беру қазақ халқының сыйластық пен құрмет көрсету дәстүрінің бір бөлігі болып табылады. Бұл дәстүр үлкендердің кішіге, әсіресе, балаларға және жасөспірімдерге өздерінің қамқорлығын білдіру тәсілі ретінде көрінеді. Байғазы сыйлығы арқылы үлкендер жастарды мадақтап, олардың жетістіктерін құптап, қолдайды. Байғазыны қабылдау көбінесе қуанышпен және алғыс білдірумен өтеді. Жаңа киім немесе зат алған бала немесе жасөспірім үлкендерге ризашылығын білдіріп, оларды құрметтейді. Мысалы, жаңа киім киген бала байғазы алған кезде үлкендердің алдынан өтіп, ризашылығын білдіреді. Байғазы беру кезінде үлкендер құттықтау сөздерін айтып, ізгі тілектер білдіреді. Мысалы, жас бозбала жаңа киім кигенде, оның ағасы немесе жеңгесі оған «Жаңа киімің құтты болсын, саған бақытты өмір тілеймін» деп байғазы береді. Мұндай тілектер мен сыйлықтар адамға қуаныш пен ынталандыру сыйлайды.

Жаңа киім киген балаға байғазы: әдетте, бала жаңа киім киген кезде, оның ата-анасы немесе жақын туыстары оған байғазы береді. Мысалы, ауылда жаңа костюм киген жас балаға оның ата-анасы немесе ағалары байғазы ретінде ақшалай сыйлық беріп, оның жетістігін атап өтеді.

Бозбаланың жаңа зат алуы: жас бозбала жаңа көлік немесе басқа да маңызды зат алған кезде,

оның туыстары немесе жақын достары оған байғазы береді. Бұл сыйлық оның жаңа затты қолдануға деген қуанышын бөлісіп, оған жақсылық тілеу арқылы құрмет көрсетеді.

Байғазы – қазақтың дәстүрлі сыйлық беру ғұрпы, ол үлкендердің кішіге құрмет көрсетуінің, олардың жетістіктерін атап өтудің маңызды бөлігі. Байғазы беру арқылы қазақ халқы сыйластық пен қамқорлықты, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады. Бұл дәстүр халықтың мәдени және әлеуметтік құндылықтарын сақтауға, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

Әдеп пен құрмет мәні

Әдеп пен құрмет. Ислам діні үлкендердің кішіге сыйлық беруіне және құрмет көрсетуіне қарсы емес. Байғазы дәстүрі бұл тұрғыдан қарағанда исламның әдеп пен сыйластық қағидаларына сәйкес келеді. Бұл дәстүр үлкендердің кішіге, әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге, жақсы тілек білдіру мен құрмет көрсетуінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Сыйлық беру. Ислам діні сыйлық беру мен мұқтаждықты қолдауды ынталандырады. Әсіресе, мұқтаждарға көмек көрсету, оларды қуантудың маңызды зор. Байғазының негізгі мақсаты –



(Дереккөз: baribar.kz)

• Байғазы дәстүрі қазақ мәдениетінде ерекше орын алады, бірақ оның Ислам дініндегі мәні мен қабылдануы туралы айту қажет. Ислам діні тұрғысынан байғазы дәстүріне қатысты көзқарас біркатар бағдарларды қамтиды.

қуаныш пен жақсы ниетті бөлісу, сондықтан бұл тұрғыдан байғазы исламның мейірімділік және қайырымдылық қағидаларына сай келеді.

Бірмәшәһәдәт пен діни рәсімдер. Исламда ырымшылдыққа және заттарды киелі деп санауға жол берілмейді. Байғазы дәстүрі біркатар жағдайда заттарға ерекше қасиет беру немесе ырымшылдық элементтерімен араласуы мүмкін. Исламда мұндай ырымшылдықтың болмауы керек және сыйлық беру тек әдеп пен құрмет көрсету мақсатында болуы тиіс.

Құқықтық және діни негіздер. Ислам діні сыйлық берудің заңды және этикалық негіздеріне көп көңіл бөледі. Байғазының дәстүрлі мәні мен әдептілігі исламның этикалық нормаларына сәйкес келетін жағдайда, ислам оны қолдайды. Алайда, сыйлық беру кезінде шарияттың қағидаларын сақтау, мысалы, әділеттілік және мейірімділік принциптерін ұстану маңызды.

Ислам діні тұрғысынан байғазы дәстүрінің мәні әдеп пен құрмет көрсету негізінде жатыр. Байғазы берудің өзі исламның сыйластық пен мейірімділік қағидаларына сәйкес келеді, бірақ ырымшылдық пен заттарға қасиет беру элементтері болмаған жағдайда ғана қолдау табады. Ислам діні мұндай дәстүрлерді мәдени ерекшеліктер ретінде қарастырып, олардың исламның негізгі принциптеріне қайшы келмейтінін ескере отырып, қолдайды.



(Дереккөз: facebook.com)

БАЙҒАЗЫ – БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

КИНОКЕҢІСТІК

XVII Халықаралық
«Еуразия»
кинофестивалі:

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда өткен мәртебелі мәдени іс-шара – XVII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі мәреге жетті. Дәстүрлі фестивальдің негізін қалаушы және ұйымдастырушы – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Кинофестивальді тікелей ұйымдастыру Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясына жүктелген.

Орталық Азияның басты киноқазынасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген кинорежиссерлер мен киносүйер қауымды біріктірді. Бір апта бойы көрермендер 30-дан астам фильмді тамашалады. Оның 22-сі байқау бағдарламасына қатысты. Фестиваль алаңы мәдени пен шығармашылықтың қазанына айналып үлгерді.

XVII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің жеңімпаздары анықталды. Олар:

• NETPAC әділ қазыларының жүлдесі – «Белгісіз елге» фильмі, режиссері Махди Флейфель;

• Халықаралық байқау қазылар алқасының төрағасы Нури Бильге Джейланға «Әлемдік кинематографияға қосқан ерекше үлесі үшін» сыйлығы берілді;

• Белгілі қазақстандық актер Досхан Жолжақысов «Қазақстан кинематографиясына қосқан ерекше үлесі үшін» марапатталды.

Халықаралық байқау қорытындысы бойынша: ең үздік әйел ролін сомдағаны үшін жүлде – Флорентина Хольценгерге («Ай» (Moon), Австрия); ең үздік ер ролін сомдағаны үшін жүлде – Артур Пачесныйға («Жоқтың қасы» (Next to Nothing), Польша); Қазылар алқасының арнайы жүлдесі – «Нирвана» (Nirvana) фильміне (режиссері Асиф Ислам, Бангладеш); ең үздік режиссерлік жұмыс үшін жүлде – Джун Мин О-ға («Жыл маусымдары үйі» (House of the Seasons), Оңтүстік Корея); үздік фильм үшін Гран-при – «Жоқтың қасы» туындысына (Next to Nothing, Польша, режиссері Гжегож Дебовски) берілді.

Орталық Азия және Түркі әлемі елдерінің байқауы бойынша: ең үздік әйел ролін сомдағаны үшін жүлдені – Эльза Каримова («Ғашықтар тауы» (The Lovers' Mountain), Татарстан); ең үздік ер ролін сомдағаны үшін жүлдені – Абылай Марат («Шекарадағы мәміле» (Deal at the Border), Қырғызстан); Қазылар алқасының арнайы жүлдесін – Түркияның «Хемме өлетін күндердің бірінде» (One of the Days When Hemme Dies) фильмі; ең үздік режиссерлік жұмыс үшін жүлдені – Аруан Анартай («Жоктау» (Joqtau), Қазақстан); Үздік фильм үшін Гран-приді – «Ақ тырналар билейтін жерде» (Where the White Cranes Dance), Ресей, Саха Республикасы) туындысы еншіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР МАМ баспасөз орталығы)



Ш.УӘЛИХАНОВ – 190

ТҰҢҒЫШ МЕКТЕП

Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияға – 100 жыл!

Амонашвили: «...Әрбір ұлттың баласы сол өз ұлтының құрамында өзі үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деген тұжырымға келген.

Тіл тірілсе – дәстүр жанданады. Дәстүр жанданса – рух күшейеді. Рух күшейгенде – ұлт болмысы сапасы артады, сөйтіп ұлттың жаңғыруы тілден басталады. Өкінішке қарай, өзге тілде білім алып, өз тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен, тіпті ділінен мақұрым қалып жатқан, бар болғаны қазақ аталатын бауырларымыз қаншама? Олардың туған тілін де білуге ұмтылмайтыны анық және ұрпақтары да солай жалғасып кетеді емес пе! Ұлтымызды ұлт болып ұйысып сақтаймыз десек, алдымен, ұрпақтарымыз өзінің қазақ тілінде білім алып, оқып-тәрбиеленуі керек. Ұлттық болмыс – ана тілін құрметтеуден басталады.

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз жастардың білімінде», – деп, бүгінгі жастардың жасампаздық сипаттарының ретінде өз тілін меңгере отырып, өзге тілдерді де білуге ұмтылуы тиіс екенін айтты. Демек, мемлекеттің, ұлттың сақталуында ұлттың тілі, яғни мемлекеттік тіліміз аса маңызды рөл атқаратыны тарихи ақиқат болса, бұл құбылыс қазақ елі мен қазақ тіліне де қатысты екені айқын.

Бұл айтылғандар қоғамымызда өз дамуында тілдің бір бастау көзі мектеп миссиясына өте жоғары мән берілетінін көрсетеді. Мектебі дұрыс мемлекет – ұлты дұрыс қалыптасатын мемлекет, ұлты дұрыс дамудағы мемлекет – мықты мемлекет. Қазақ елі үшін, әсіресе, мемлекеттік тіл қазақ тілінің сақталуы, қызметінің ауқымдылығы – өзектілікті. Міне, сондықтан қазақ тілінің алтын ұясы қазақ мектебінің мән-маңызын арттыру мәселесі туындайды.

«Ұстаз ойлана қарасаң – биіктей береді, үңіле қарасаң – тереңдей береді, қол созсаң – қарсы алдында, айналсаң – арқа жағында тұрады», – деп, адамзаттың данышпаны Сократ айтқандай, қазақ мектебі туралы сөз қозғасақ, оның қай жағын айтсақ та, №12 қазақ мектебіне де қатысты болып, №12 қазақ мектебінің жай-күйі елес береді. Яғни оның тарихы және бүгінгі мәртебелі жаңа даңқты бейнесі – қазақ мектебінің де ұлттық болмысының көрінісі.

1924 жылы ашылған бұл мектеп 70 жылға жуық Алматы қаласындағы бірден-бір жалғыз қазақ мектебі болды. Ол бір Алматының ішінде 8 рет қоныс аударып, тіпті 1967–1970 жылдары жабылып та қалған. Оның жабылуының бір себебі бала санының жетіспеуінен десе, бұл шындығында, республикамыздың астанасы Алматыда ұлттық рухты әлсірету пиғылында туындаған деу қисынды болса керек. Осыны аңғарған сол кездегі зиялы азаматтар астанамыздағы үйді-үйді аралап жүріп, қазақша оқуға шақырып, қазақша оқитын балалардың тізімін түзеп, 1971 жылы №12 қазақ мектебінің қайта ашылуына қол жеткізген. Ал нәубетті болған 1930 жылдарда бұл қазақ мектебінің сақталып қалуында Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Сәбит Мұқанов сияқты т.б. қайраткерлеріміздің жанашырлық септіктері көп болғаны белгілі.

№12 гимназияны қазақ мектептерінің анасы деуге толық болады. Өйткені, ол сонау ашылғалы республика бойынша үлгілі тәжірибе мектебі болып саналды. Сол кездегі Оқу-ағарту министрлігінің методбюро деп аталатын (кейінде педкадрлар біліктілігін арттыру институты) әдістемелік орталығы барлық оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдарын, түрлі ағымдағы оқу-тәрбие нұсқауларын осы мектепте сынақтан өткізіп отырған. Бұлар сол кездегі мектептердің басшылыққа алатын дүниесі еді және олар осы №12 мектепте сынақтан өткеннен кейін тарады, оларда №12 мектеп тынысы болды.

Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Ә.Дүйсенованың,



математикадан Даниярованың, мұғалім-ғалым Р.Нұртазинаның педагогикалық тәжірибелері бүкіл Қазақстан мектептерінде насихатталып, қолданыс тапты.

Мектептің жақсы болуы – басшылығына да байланысты. Бұл ретте №12 мектептің бағы жанды. Оның әр кезде директоры болып К.Айманов, Д.Бөлірікова, Р.Нұртазина, Ш.Беркімбаева, Р.Шимашова, Р.Сәкенова сияқты аса ірі, дарынды қайраткерлер басқарды. Осы басшылардың әрқайсысы ерен еңбек етіп, өз қолтаңбаларын қалдырды.

Бұл, негізінде, шеберлік ұлттық мектебі болған мектепте оқудың өзі мәртебе саналған. Мұғалімдері, басшылары мықты мектептің түлектерді де мықты шығып жатады. Олардың ішінде әнші Күләш Байсейітова, суретші Әбілхан Қастеев, күйші-композитор Нұрғиса Тілендиев, суретші-мүсінші Хакімжан Наурызбаев, Бүкілодақтық даңқты физиолог Нәйла Базанова, Орталық Азиядағы төртінші әйел геолог-ғалым Патшайым Тәжібаева, композитор Әсет Бейсеуов, тарихшы ғалым Кеңес Нұрпейісов, жазушы Смағұл Елубай, т.б. ұлт мақтаныштары бар. Бұлардың қатарында Р.Шамжанованың есімі де құрметпен аталады. Ол халықаралық ынтымақтастық саласында алғашқы қазақ әйел дипломаты және алғашқы академик болған төрт қазақ қызының бірі. Кейінгі толқындарда да атақты түлектер аз емес.

№12 қазақ мектебін бүкіл қазақ мектептерінің анасы деуімі екінші себеп – өзіме қатысты. 1976 жылы басием Ж.Байнатовтың ғылыми жұмыстарына байланысты Алматыға қоныс теуіп, өзім мұғалімдігімді жалғастыруым керек болды. Өкінішке қарай, Алматыда бір ғана №12 қазақ мектебі бар екен де, онда орын болмай, орыс мектебіне орналастым. Бірақ арманым – қазақ мектебі. Содан 1977–1978 оқу жылында №86 орыс-қазақ мектебі болып ашылғанын естігенде, қуанышымыз қойнымызға сыймады. Орайы келіп, сонда математика пәні мұғалімі, кейін оқу ісінің меңгерушісі болып 13 жыл жұмыс істедім. Өз тілімізде оқытуға деген шөлімізді сөзбен жеткізу мүмкін емес!

Бұл кеңестік идеология сетінеп, қоғам ыдырай бастаған жыламық уақыт еді. Ол қазақ халқының да құлдық санадан ояна бастаған, ұлттық рухтың жандана бастаған кезі болды. Ұлттық сананың жаңғыруының бір көрінісі – қазақ мектептерінің ашылуына деген ұмтылыс күшті, тегеурінді жүрді. Әдебиетші үлкен ғалым Рахманқұл Бердібаев, ақын Шона Смаханұлы, режиссер Асқар Тоқпанов, жазушы Жүніс Ыбырай, қайраткер Тоқтар Абайділда, Бақдәулет Кенжалиевтің, т.б. азаматтардың есімдерін ризалықпен еске алып отырамын, өйткені осы лектің білік табалдырығын тоздыруының арқасында 1991 жылы Алматыда тағы бір – №159 қазақ мектебі ашылды.

Шыны керек, ғимараттың төрт қабырғасынан басқа ештеңе жоқ еді. Міне, осы жағдайда тиісті органдар келісімімен №12 мектеп өзінің 1–11-сынып оқушыларынан 400

оқушысын және 33 мұғалімін қалауларымен бөліп берді, сондай-ақ оқу жабдықтарын жеткізді. №12 мектептің өз бойынан беріп көрсеткен бұл қамқорлығы №159 мектепке құт, қонған бақ болды. 1996 жылдан бастап аудан, қала бойынша түрлі білім көрсеткіштеріміз артты. Ал 2001 жылы өзінің он жылдығында республика аумағында ең «Таңдаулы мектеп» дәрежесін жеңіп алды, ал 2011 жылы екінші рет ең «Таңдаулы мектеп» атанды. 2008 жылы осы мектептің ашылған күнінен бастап директор болып жұмыс істеп жүрген менің өзім Қазақстанның «Еңбек Ері» атағымен, «Алтын жұлдыз» және «Отан» ордендерімен марапатталдым. Міне, №12 мектеп қазақ мектептері үшін анасындай деуге лайықты екеніне оның басқадай да ізгілікті қасиеттері мен жетістіктері дәлел деп айта аламын.

Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияның тағдыры қазақ елінің руханият тағдырымен тағдырлас екені даусыз. Кеңестік идеология кезіндегі қазақ руханияты тап болған қиындықтар №12 мектепті де шарпыды. Дейтұрғанмен, №12 мектеп тәжірибесі, қазақ тілінде білім беру, тәрбиелеу сапасы әлемдік білім кеңістігінен кем емес, олармен ықтас, терезесі тең үндестікте екені дәлел. Қазақ тілінде оқығандар еш жұрттан төмен болмайтынына осы мектеп түлектерінің табыстары айғақ бола алады.

Мектеп – біздің болашақ жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің негізі. Алматыда барлық 215 мектептің 70-ке жуығы таза қазақтілді. Ондағы ұлттық мәдени рухтары берік қалыптасқан жастар қандай да бір өзгешеліктерге төтеп бере алады. Демек, ұлттық рух – елдің қауіпсіздік саласы екені даусыз.

Ғаламдандудың оң-терісі бар. Ал жалпылай айтсақ, ұлткемеңгері Әлихан Бөкейхановтың ескертпесі еске оралады: «Еуропа мәдениетімізін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі – хайуандық сапарынан қайтқан жоқ», – депті. Демек, ғаламдандудың ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық он үндестерімен бірге ұлттық құндылықтарға кері ықпалы бар. Ал оған ұшырамауда қазақ мектептерінің рухани иммунитетін күшейту ұмтылыстары күн тәртібінде тұр. Қазақ мектебі тағдыры тарихының, бүгінгі дамуының, ертеңгі әлеуеттерінің басында тұрған көшбасшы №12 мектеп қатары арта түсіп жатқаны қуантады.

Гимназияның педагогикалық ұжымына толағай табыстар тілеймін. Қазақ руханиятының заманауи дамуында көшбасшылық тәрізінде көріне береді деп сенемін. Ғасырлық мерейлі мереке құтты болсын, әріптестер!



**Аягүл МИРАЗОВА,
«Қазақстанның тұңғыш
Еңбек Ері», «Алтын
жұлдыз» және «Отан»
орденінің иегері,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлтымыздың жаңа сапаға көшуі үшін бізге қажетті күнделікті өмір ұстанымдарымызды атап көрсеткен еді.

«Біріншіден, терең білімді болған жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Үшіншіден, кәсіби дағдыны меңгеру керек. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болу керек. Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз», – деп, ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыруға атсалысуды міндеттеді. Тәуелсіздігіміздің рухани бағдарламасы іспетті бұл міндеттер жас ұрпақ тәрбиесінің негізгі мазмұны, бағдары, нәтижесі болып табылады. Олардың бәрінің әр баланың өмір салтына айналуының негіз тұғырын жасап, жеткіншектер бойына сіңіретін орын, әрине бұл – мектеп.

Жалпы, қоғамымызға жүктеліп отырған бұл міндеттерді жүзеге асыру тектіктері, жүйесі, мазмұн-құрылымы биылғы оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынып отырған жаңа «Біртұтас тәрбие бағдарламасында көрсетілген. Онда жас ерекшеліктеріне қарай оқушы бойына жоғарыда аталған идеялардан туындайтын алты қағиданы сіңіру қарастырылған.

Атап айтқанда, Тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңашылдық». ХХІ ғасырдағы мектептеріміз үшін маңызды мәселенің бірі – ұлтжанды нағыз патриот азамат тәрбиелеу болса, оның өзі заман талабына сай интеллектуалды, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар, бәсекеге қабілетті, өнегелі, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеудің негізіне алынады.

Қазақ елі ұлттық тұғыры мықты, рухы биік мемлекет болуында мемлекеттік тіл – рухани негіз. Демек, қазақ мектебінің де мұндағы қызметі, орны айрықша. Ол ұлы Абай ұсынған ақыл, ғылым, ар, мінез бірлігі сынды ұлттық діліміздің мазмұнынан тамыр алады. Қазақ тілінің теңдессіз тәрбие құралы екенін ғұлама бабамыз Мәшһүр Жүсіп те айтып кеткен. «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабалардың тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында», – деп, тіліміздің ұлттық қызметін жоғары бағалаған. Белгілі педагог



ҮКІМЕТ

ҚАТЕРЛІ
ІСІККЕ ҚАРСЫ
ПРЕПАРАТсынақтың екі бастапқы
кезеңінен сәтті өтті

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазақстандық ғалымдар әзірлеген қатерлі ісікке қарсы препарат сынақтың екі бастапқы кезеңінен сәтті өтті. Сынақтар Алматыдағы Қазақ онкология және радиология институтында жүргізілуде.



ҚР Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті, NU биология профессоры Дос Сарбасов қатерлі ісікке қарсы препаратты әзірлеу барысы туралы айтты. Дәрі-дәрмекті бірінші рет қабылдағаннан кейін 15 онкологиялық науқастың жағдайы тұрақтанған, олардың алтауында ісіктің өсуі тоқтаған, ал біреуінде ол тіпті 30%-ға азайған. Қазіргі уақытта дәрігерлер препаратта уыттылықтың жоғы расталғаннан кейін оның дозасын арттырды.

«Біз қатерлі ісікке қарсы аппаратты 2022-2023 жылдары сынай бастадық, рұқсат құжаттарын алдық. Клиникалық сынақтың 1-ші және 2-ші кезеңдерін өткіздік. Қазір жоғары дозаны алуға қолжеткіздік. Біз глюкозаны сіңіретін рақ клеткаларын жоямыз. Халықаралық патентіміз бар. Бақылау тобында болған 5 пациенттің жағдайын тұрақтандыруға әсер етті. Ісік өскен жоқ, бір науқаста ісік 30%-ға азайды. Істі соңына дейін жеткізіп, 2-3 жыл ішінде жобаны аяқтауымыз керек», — деді Дос Сарбасов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МӘМС



КОНФЕРЕНЦИЯ

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен қалалық Адам ұрпағын өрбіту орталығы «Репродуктивті денсаулық эволюциясы: балалықтан – кәмелетке» атты республикалық конференция өткізді.

Конференцияның мақсаты – гинеколог, жалпы тәжірибе дәрігерлерін және УДЗ мамандарын репродуктивті жүйе патологиясын ертеден анықтай білу, диагностикалау және емдеудің заманауи әдістерімен таныстыру, олардың кәсіби құзыретін жоғарылату және тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Конференцияға Денсаулық министрлігі ҰЕҰ-мен серіктестік болу және қоғамдық денсаулық сақтау ісі басқармасының басшысы А.Бекжанова, Қазақстандағы ЮНФПА-ның атқарушы өкілі Р.Сисемалиев, ЮНФПА ДЖК бойынша ұлттық бағдарламалық талдаушысы С.Тәнірбергенов, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс акушер-гинекологы А.Жексенбиева қатысты.

Конференция форматы «Балалар және жасөспірімдер гинекологиясы» және «Пренаталдық диагностика» деген екі пленарлық

РЕПРОДУКТИВТІ
ЭВОЛЮЦИЯБалалар және жасөспірімдер
денсаулығы талқыланды

секцияны қамтыды. «Балалар және жасөспірімдер гинекологиясы» секциясы жасөспірімдердің жыныстық және репродуктивті денсаулығын қорғаудың заманауи мәселелеріне аса назар аударды. Қыздардың дамуының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері және олардың психосексуалдық дамуына әсер ететін заманауи факторлар талқыланды. Бұл секцияда NEOVITA ұлттық ресурстық орталығының басшысы Галина Лешконың (Молдова) сөзіне ерекше назар аударылды. Ол жасөспірімдердің ерте жүкті болуының алдын алу және етеккір циклінің бұзылуын басқару бойынша өзекті деректерді ұсынды. Іс-шарада Алматы қалалық Адам ұрпағын өрбіту орталығының жетекші мамандары тәжірибелерімен бөлісті.

«Пренаталдық диагностика» пленарлық секциясы ультратрадыстық диагностика мен

ұрықтың дамуындағы ақауларды болжаудың маңызды аспектілерін ортаға салды. Ресей медициналық үздіксіз кәсіптік білім беру академиясының пренаталды диагностикалау курсының профессоры Е.Юдина диафрагманың, кеуде қуысының, асқазан-ішек жолдарының, сондай-ақ ұрықтың басқа да органдарының дамуындағы ақауларды диагностикалау тәжірибесіне біздің мамандар қызығушылық танытты. Секция күрделі медициналық жағдайларды терең түсінуге бағытталған клиникалық жағдайларды талдады және «шеберлік сағаттарын» ұсынды.

Конференция спикерлері балалар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын жақсарту үшін пәнаралық тәсілдің маңыздылығын және кәсіби мамандардың осылай өзара тығыз әріптестік қарым-қатынасты жиі жасап тұру керектігін атап өтті.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

«ШАЛАБАЙ»

немесе 500 грамм болып туған бала да
адам қатарына қосылады

Алматы қаласының №2 қалалық перинаталдық орталығында Халықаралық шала туған нәресте күні аталып өтті. Бұл – мерзімінен бұрын дүниеге келген балаларға және олардың өмірі мен денсаулығы үшін күресетін мамандарға құрмет көрсетілетін ерекше күн.



Іс-шараның басты мақсаты – қоғамның назарын мерзімінен бұрын босану проблема-сына, олардың салдарына аудару, сондай-ақ жүктіліктің алдын алу мен оны толық мерзімге дейін сақтаудың маңыздылығын атап өту. Іс-шара аясында осы тақырыптарда семинар өтті. Дәрігерлер ана мен балаға төнетін қауіп-қатерді азайту үшін уақытында медициналық көмекке жүгінудің, мамандардың ұсыныстарын орындаудың және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы туралы пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Мерекке орталықта дүниеге келген шала

туған сәбилердің аналары да қатысты. Олар дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне қамқорлығы және шала туған тым әлсіз нәрестелерін адам қатарына қосқан кәсіби шеберлігі үшін шын жүректен алғыс білдірді. №2 қалалық перинаталдық орталығында жыл сайын 4000-ға жуық бөбек дүние есігін ашады, олардың шамамен 15%-ы шала туатын нәрестелер. Мұнда дене салмағы өте төмен, 500 грамнан басталатын шақалақтарға көмек көрсетіледі және 22 аптадан бастап гестациялық кезеңде туған сәбилерге күтім жасалады.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматы онкологиялық диспансеріне 45 жастағы әйел «сол жақ сүт безінің ыдырау сатысындағы қатерлі ісігі» диагнозымен түсті. Науқас жаман аурудың атын естіп қалам ба деген үреймен, екі жыл бойы дәрігерлерге қаралмаған. Алайда, ісік ыдырап, қан кете бастағанда жағдайы қиындай түскен.

СӘТТІ
ОТАЕртерек
анықталған ауру
емге көнеді дейді
дәрігерлер

Алматы онкологиялық орталығының мамандары шұғыл консилиум жасап, операция жасауға шешім қабылдады.

«Негізгі міндет тек ісіктерді алып тастау ғана емес, үлкен көлемде ашылған терінің ақауын жабу болды», — дейді ота жасаған маммология бөлімінің меңгерушісі Серік Байділбеков.

Күрделі шешімге қарамастан, хирургтар шамамен екі сағатқа созылған отаны сәтті жасап шықты. Ісік толығымен алынып тасталды, метастаздар қолтық асты лимфа түйіндеріне әсер етті, бірақ зерттеу кезінде науқаста алыс метастаздар табылған жоқ.

«Тері ақауы жабылды, жара бастапқы кернеумен жазылды. Отадан кейінгі кезең асқынусыз өтті. Қазір әйел химиотерапия, сәулелік және гормондық терапияны қоса алғанда, одан әрі кешенді емдеуден өтуде», — деп атап өтті онколог.

Білікті медициналық көмек пен дәрігерлердің кәсіби шеберлігінің арқасында науқас әдеттегі қалыпты өміріне оралды, тіпті жұмысқа шықты. Осы орайда Серік Байділбеков сүт безі қатерлі ісігінің алдын алуға және ерте анықтауға арналған скринингтен уақытылы өтіп тұру керектігін еске салады. Яғни 40–70 жас аралығындағы әйелдер екі жылда бір рет тексеруден өтуі керек. Есіңізде болсын, ерте анықталған ауруды емдеу және қалпына келтіру оңайырақ.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВАЖАРАҚАТЫН
АСҚЫНДЫРЫП АЛҒАН«Гугл дәрігерге» сүйеніп, өз бетінше
емделуден аулақ болған дұрыс

Алматылық ортохирургтар жарақат алған жағдайда, уақыт оздырмай медициналық көмекке жедел жүтінуге шақырады. 30 жастағы ер адам бұлшық еттері ауырып, аяғын жаза алмай қалғаннан кейін барып №7 қалалық клиникалық ауруханаға жүтінген.

Айтуынша, осыдан үш ай бұрын футбол алаңында тізесін жарақаттап алған. Дәрігерге бармай, үйде өз бетінше қабылдаған консервативті ем еш нәтиже бермеді.

«Доп ойнап жүргенде науқас жүрелен отырып, аяқты бірден созбақ болған. Сол кезде аяғы кілт өтіп буыны блокқа түсіп қалған. Пациент «медиялды менисктің үзілуі, тізе буынының блокқа түсуі, бұлшық еттің ауырсыну синдромы» деген диагнозбен ауруханаға жатқызылды. Менисктің үзіліп кеткенін МРТ да растады. Оған МӘМС қаражаты есебінен ота жасалды. Науқасқа органды сақтап қалуға

бағытталған — тізе буынының артро-скопиясы деп аталатын ота жасалып, медиялды менискке іш жағынан 4 тігіс салынды. Мениск түзетіліп, қайта тігілді», — дейді аурухананың ортохирургия бөлімшесі меңгерушісі Арнат Байзаков.

«Қимыл-қозғалыс аппараты зақымданып, жарақат алған жағдайда бірден дәрігерге қаралмаса қауіп күшейеді. Себебі, мұндай жарақаттар салдарынан науқас өз бетінше жүріп-тұру бақытынан айырылып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан емшілерге барып немесе «Гугл дәрігерге» сүйеніп өз бетінше емделуден сақтанған дұрыс», — дейді Арнат Байзаков.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖАС
ЧЕМПИОНДАРМЕН
ЖҮЗДЕСУ

Алматыда Қазақстан Шахмат федерациясының ұйымдастыруымен шахматтан жас әлем чемпиондарымен баспасөз мәслихаты өтті. Жиын барысында Италияның Монтесильвано қаласында өткен Кадеттер арасындағы әлем чемпионатының жеңімпаздары – алтын медаль иегерлері Аланна Берікқызы (10 жасқа дейінгілер санатында), Марк Смирнов (12 жасқа дейінгілер санатында) және Шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов пен федерацияның атқарушы директоры Гүлмира Дәулетова сұрақтарға жауап берді.

Шахмат федерациясының президенті Монтесильванода өткен жарыста Қазақстан құрамасы 77 елдің арасында Үндістан мен Қытай құрамаларынан басым түсіп, бірінші орынды жеңіп алғанын атап өтті. Сондай-ақ, ол жас чемпиондарға ноутбук пен 1,2 миллион теңгенің сертификатын табыс етті.

– Біздің балалар жас болса да, жеңіс үшін беріле күресіп, жеңіске жетті. Біз сіздерді шын жүректен мақтан тұтамыз және сіздерге жан-жақты қолдау көрсетеміз. Қазір балаларымыздың әлеуетін дамытуымыз керек, бұл үлкен нәтижеге жетудің бірден-бір жолы, федерацияның көздеп отырғаны дәл осы. Ұзақ уақыт бойы спортқа жоспарлы түрде инвестиция құю маңызды, яғни жүйелі түрде ақша, уақыт пен күш-жігер салсақ, ақыр аяғында жақсы нәтиже береді», – деді Тимур Турлов.

Ал жуырда әлем чемпионаты атанған Алматы тумасы – Марк Смирнов бірнеше дүркін әлем чемпионы Магнус Карлсеннің ойынынан шабыт алатынын және өзінің де шахматқа байланысты үлкен арманы бар екенін айтты. 12 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен чемпионатта Марк Смирнов ең көп ұпай жинап (11 ұпайдан 10), жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Сонымен қатар, шахмат федерациясының мәліметінше, бүгінгі күні 550 мектептің 1-сыныптарында «Шахмат негіздері» бағдарламасы енгізілген. Арнайы бағдарлама әзірленіп, ол бойынша тегін білім алып жатқан 700-ден астам мұғалімге арнап онлайн курстар мен біліктілікті арттыру курстары құрылған. Жоғары оқу орындарымен бірлесіп «Шахмат педагогы» minor-бағдарламасы әзірленіп жатыр, ол 2025-2026 оқу жылында іске қосылады деп жоспарланған. Бүгінде еліміздің 350 мектебінде шахмат сабағы бар.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

МЕРЕЙТОЙ

ДОДАҒА ТҮССЕ
ДЕС БЕРМЕЙДІ

Бұл күндері Ардагерлер арасындағы Алматы қаласы чемпионатының ұйымдастырушысы Нұрлан Атантаев өзінің 70 жасқа толуына орай құттықтау хаттар қабылдап жатқан жайы бар.

Тегі Қазақстан футболы әлемінде біршама танымал Нұрлан мырзаның туған ағасы Нұрман Атантаев 70-ші жылдары Алматының «Қайратында» өнер көрсеткен еді. Ол ол ма, Нұрман жоғары лигадағы алғашқы матчында-ақ мәскеулік «Спартакқа» гол соғып, өз клубына жеңіс әкелгенді. Бұл – 1972 жылғы маусымда болды.

– Ол кезде мен қарағандылық «Шахтердің» резервинде ойнап жүрген кезім, – деп еске алды мерейтой иесі.

– Жаттығуға келсем, қасымдағылардың бәрі мені құттықтай жөнелмесі бар ма?! Сол жерде ағамның дубльге шығып, гол соққанын естідім. Сөйтсем, ағам «Спартактың» негізгі құрамында да гол соққан екен. Қуанышымда шек жоқ. Бала кезімзден беріміз «Қайрат» деп келдік. Ағам Георгий Алексеевич Козельконың қоластында тәрбиеленді. Мен ағамның жолын қудым. Бірнеше жылдан кейін Нұрман одақ біріншілігінің «Б» сыныбында өнер көрсеткен АДК командасына ауысты. Оған қолдау білдіріп жүрдік. Сол жерден ол «Қайратқа» түсті.

Бала кезден аяқдопқа әуес болып өскен Нұрланның өзі де қазақстандық футболда елеулі із қалдырды. Ол «Горняк» (Никольск, қазіргі Сәтбаев), «Авангард» (Петропавл), «Шахтер» (Қарағанды), «Мелиоратор» (Қызылорда) сияқты клубтарда өнер көрсетті. Бұл – Одақтық біріншіліктің екінші лигасының үздік форвардтарының бірінің активінде Қазақстан құрамасында өткен бір матчы емес. 1981 жылғы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ДЖИУ-ДЖИТСУ –
ТАТАМИ ҮСТІНДЕГІ ШАХМАТ

Елімізде, оның ішінде Алматы қаласында джиу-джитсу спорты қарқынды дамып келеді. Айтылған спорт түрі бойынша мегаполисте арнайы залдар да ашылған. Сағадат Нұрмағамбетов атындағы спорт клубының негізін қалап, Алматы қаласында және Алматы, Жетісу облыстарында джиу-джитсудан спорттық залдарды ашқан грэпплинг күресінен Азия чемпионы, джиу-джитсудан қара белбеу иегері Нұрсұлтан ОРЫНБАСАРОВПЕН әңгімелесудің сәті түсті.



Досбол
АТАЖАН

– Қазақстанда джиу-джитсу қаншалықты дамыған?

– Елімізде бұл спорт түрі соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Жас спортшылардың арасында джиу-джитсуға біздің қосып жатқан үлесіміз көп деп ойлаймын. Өйткені, «Sagadat batyr-QTT» спорт клубы елімізде Қырғызстанда және Ресейде өткен үлкен турнирлерде жас спортшылар арасында командалық есеппен үздік орында келеміз. Біз де спорт клубымыздың атынан тұлғаларымызды насихаттап, спорттың осы түрін дамытып жатырмыз. Спорт – үлкен идеология. Спорт арқылы балаларды отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуге болады. Спорттық клубымызға Сағадат Нұрмағамбетовтің есімін қоюымыздың да үлкен мәні бар. Жастарды әскери патриоттыққа шақырып, Отанын қорғайтын адал ұрпақ ретінде тәрбиелесек дейміз. Бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін халықтың дені сау, рухы биік болуы керек. Әрқайсысынан әлем чемпионын шығармасақ та, елге адал қызмет ететін тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеміз.

– Джиу-джитсуға баланы неше жасында берген дұрыс?

– Бұл спорт түрінде шектеу болмайды. Тіпті, 40-тан асқан азаматтар да қатысып, өз шеберлігін шындай алады. Дегенмен, кәсіби спортшы болуын қаласаңыз, 4 жастан бастап берген дұрыс. Спорт баланың ер мінезді болып өсуіне өз әсерін береді. Сондықтан баланы спортқа берген дұрыс және берер алдында бапкерімен ақылдасу керек. Міндетті түрде жақсы бапкерге беру керек. Себебі, бапкер баланың денсаулығын қинап немесе артық



күш сала берсе, оның әрі қарай жалғастыруға ниеті болмай қалады. Баланың спортқа деген қызығушылығын жойып алады. Жарыс алдында балалар сенімді болуы үшін бапкердің беретін тәрбиесі, айтқан сөздері маңызды. Спорт – үлкен ғылым. Өз басым спортты үлкен ғылым деп түсінемін. Өйткені, спортта техникалық, тактикалық, психологиялық дайындық бар.

– Чемпион атанып, дүбірлі додаларда жеңіске жету үшін не істеу керек?

– Чемпион болу үшін еңбекқорлық қажет. Сондай-ақ, жарыс кезінде жеңісті де, жеңілісті де жеңіл қабылдай алу және өз қарсыласына құрмет көрсете білуі керек. Сайып келгенде, спорт мықты мінезді талап ететінін түсінуге болады. Себебі, мінездің арқасында жеңіске жетуге мүмкіндік бар. Біз балаларды жаттықтырып қана қоймай, тәрбие жұмысымен де айналысамыз. Шет елде джиу-джитсуды татами үстіндегі шахмат деп айтады.

Расымен-ақ, татамидің үстінде әр әдісінді ойланып, бағамдап күресесің. Осылайша ақыл-ой мен қимыл-әрекетін ұштастыра білген адам чемпион атана алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

SAGADAT BATYR
халықаралық турнирі

Алматы облысында Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған джиу-джитсудан жасөспірімдер арасында Sagadat Batyr халықаралық турнирі өтті. Халықаралық жарыста 4–13 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер бақ сынады. Олардың қатарында Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жас спортшылар және көршілес Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінің жасөспірімдері бар. Барлығы турнирге 300-ден астам джитсер қатысты. Турнир Халық қаһарманы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-полковник, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс салаларының ардагері Сәт Тоқпақбаевтың құттықтау сөздерімен ашылды. Сондай-ақ, Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов пен Атлант Олимпиадасының чемпионы, әлем және Азия біріншіліктерінің бірнеше дүркін жеңімпазы әрі жүлдегері Василий Жиров жарыс қатысушыларына ізгі тілектерін білдірді. Ал халықаралық жарыстың бас ұйымдастырушысы, «Сағадат батыр» спорт клубының негізін қалаушы әрі бас бапкері Нұрсұлтан Орынбасаров халықаралық жарыс дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұратынын атап өтті.

ФУТБОЛ

Келісімі аяқталғандардың қатарында легионерлер – бразилиялық Эдер Сантана мен орыс Дмитрий Сергеев бар. Қуанарлығы, қазақстандық ойыншылар үшін орын босайды. Алайда, бір эттеген-айы, келісім-шарт тізімінде клуб тәрбиеленушілері де бар екен.

ШЫҒЫП КЕТСІН БЕ,
АҒАЙЫН?!

Футболдан ел чемпионы алматылық «Қайрат» 2025 жылғы маусымға бірнеше футболшымен келісім-шартқа отырмайтынын мәлімдеді

Олар Андрей Ульшин, Арсен Буранчиев, Вячеслав Швырев пен қақпашы Данил Устименко. Аты аталғандардың бәрі өткен маусымда жалпы команданың жеңіске жетуіне үлес қосқан-ды. Мысалы, шабуылдаушылар Ульшин мен Швырев қарсыластардың қақпасына екі реттен 8 гол кіргізді, әрқайсысы 4 голдан. Бұл ретте біріншісі 19 матчқа, екіншісі 26 матчқа қатысты. Көп жағдайда олар ауыстыруға шығып отырды. Футбол мамандарының айтуынша, болашақта бұл балалар командасыз қалмайтын көрінеді. Десе де, «Қайрат» басшылары Қазақстан құрамасына үлкен қадаммен аяқ басқан футболшылардан нәліктен бас тартты?!

Қақпашы Данил Устименко тіпті ұлттық құрамада бір матч өткізсе, Арсен Буранчиев те шеберлігін көрсетіп, алматылық жанкүйерлердің ықыласына бөленіп үлгерген еді. «Қайрат» басшылығы мұны былай деп түсіндірді: «футболшылармен келісім-шарт аяқталды. Оны ары қарай ұзартпау туралы шешім қабылдадық». Бірақ бұл расымен солай ма? Егер қауесеттерге сенетін болсақ, онда тараптар жалпы келісімге келе алмаған көрінеді. Бұл апаратын клубтың баспасөз қызметі теріске де шығармады әрі растамады да. Жас футболшылардың орнына кім келетіні де хабарланбады.

Әлім АНАПИЯНОВ.

Тасжүрек АНДАСОВ.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БАЙҚАУ

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (*бұдан әрі – Басқарма*) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4:

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№36 Қалалық емхана» КМК	050006, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Шұғыла» ы/а., 340 А.
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№33 Қалалық емхана» КМК	050034, Алматы қ., Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 263/2-үй.
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№10 Қалалық емхана» КМК	050063, Алматы қ., Әуезов ауданы, «Ақсай-4» ы/а., 17.
4	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№2 Қалалық перинаталдық орталық» КМК	050002, Алматы қ., Медеу ауданы, Жангелдин к-сі, 28/20-22.
5	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№4 Қалалық перзентхана» КМК	050011, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Станкевич көшесі, 6/3-үй.
6	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№1 Қалалық перзентхана» КМК	050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғ., 492-үй.
7	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№5 Қалалық перзентхана» КМК	050062, Алматы қ., Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 28.
8	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК	050053, Алматы қ., Алатау ауданы, 7-ші көше, 131-үй.
9	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№25 Қалалық емхана» КМК	050024, Алматы қ., Алатау ауданы, «Дархан» ы/а., Халифа Алтай көшесі, 24/1.
10	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» КМК	050037, Алматы қ., Түркісіб ауданы, С.Сейфуллин даңғылы, 97/32-үй.
11	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№23 Қалалық емхана» КМК	050058, Алматы қ., Алатау ауданы, «Ұлжан-1» ы/а., Қадырғали Жалайыр көшесі, 34-үй.

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:

- өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
 - осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
 - мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
 - еркін нысанда жазылған өмірбаян;
 - кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
 - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.
- Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, тел.: 8 701 491 59 77.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 3 желтоқсан.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 5 қаңтар.

Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2025 жылғы 5 қаңтар.

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен алғашқы медициналық, психологиялық және заңгерлік көмек көрсету мақсатында алкоголизмнен, нашақорлықтан және ойынға тәуелділік-тен зардап шеккендермен жедел байланысуды қамтамасыз ету мақсатында «**Call-орталығы**» құрылғанын хабарлаймыз. **8 707 133 50 90.**

Жобаны ұйымдастырушы:
«Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Адам саудасы бойынша қылмыстардан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында Адам саудасы бойынша қылмыстар құрбандарына бірінші дәрежелі медицина-лық, психологиялық көмек көрсету және оларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету баспаналарына қайта бағыттау үшін «**Call Center**» қызметі құрылғанын хабарлаймыз. **8 707 774 30 60.**

Жобаны ұйымдастырушы:
«Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ «А.Жақұтов атында-ғы 2-ЖЭО күл-қожды шығарудың аралас жүйесін қайта құру (8-кезен). Құрылыс жұмыстары» жұмыс жобасының Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОҚБ) материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылдың 10 желтоқсанынан бастап 5 жұмыс күні ішінде, www.ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталда өткізіледі.

Жобаны әзірлеуші: «ЭкоПроект» ЖК, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Гете көш., 303/2 үй, 41 пәт., байланыстағы тұлға: Нестерова Юлия Витальевна, e-mail: n.yulia@list.ru, +7 701 210 98 00.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыс тұлға: Зоя Арзюкова e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен www.ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы сайтында www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article?activities=38378&lang=ru «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі соғыс жылдарындағы Еңбек майданының қатысушысы, мемлекеттік қоғамдық органдарда қызмет еткен еңбек ардагері

Алевтина Васильевна ЕРОФЕЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына, жақындары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АЛМАТЫ – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Олимпиада жүлдегерлері мен эстрада жұлдыздары қалаға ұқыпты қараудың үлгісін көрсетті

Айнабай
МӘДИ

Алматының тұрғындары мен қонақтары қаладағы тазалықты қолдауда өнер жұлдыздары мен олимпиадашылардың үлгісімен шабыттанды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында күздің соңғы күні мен тазалық апталығында шаһарымызда жалпықалалық кеңістікті жинауда экологиялық акция өтті. Бостандық ауданында 250-ге жуық адам, оның ішінде Олимпиада жүлдегерлері, эстрада жұлдыздары, белсенді жастар Шағабутдинов-Сәтбаев қиылысындағы учаскені ретке келтірді. Бостандық ауданының әкімі Санжар Алиннің айтуынша, ауданда аулаларды санитарлық тазалаумен айналысатын 5 мердігер ұйым жұмыс істеді. «Алматы Тазалық» МКК қызметкерлері жол инфрақұрылымын тазалаған.

«Бізде тазалау жұмысы бақыланатын 670 аула бар, біз МИБ мен ПИК төрағаларымен тұрақты байланыстамыз. Егер мердігерлік ұйым өз міндеттемесін орындамаса, біз мессенджермен белгі беріп, жедел әрекет етуге тырысамыз. Тәртіп бұзылған жағдайда алдымен учаске бастығына айыппұл санкциясы қолданылады. Егер жағдай қайталанса, онда біз ұйымның өзіне айыппұл саламыз, оның сомасы әлдеқайда көп. Егер мердігер жағдайды түзетпесе, онда біз сот арқылы шартты бұзамыз. Біздегі бір мердігерге қатысты сотқа дейінгі талап-арыз жібердік. Жауап берілмесе, сотқа жүгініп, қарым-қатынасты үзіміз», – деп мәлімдеді аудан әкімі.

Акцияға қатысушылар арасында ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, еркін күрестен Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері, Алматы мәслихатының депутаты Ислам Байрамуков болды. «Адамзат қанша өмір сүрсе, үйдегі тазалықты сақтау мен қоршаған ортаға, өзі тұратын қалаға ұқыпты қарауы тиіс» дейді ол. Танымал спортшы қалалық кеңістікті бірлескен күш-жігермен жинаудың маңызын, акцияның қажеттігін атап айтты.

«Алматы – әрдайым тазалығымен, жасыл-желегімен танымал болған шаһар. Бұл дәстүр үзілмеуі керек, сонымен бірге мұны жастардың, қала тұрғындарының қатысуымен қолдау қажет. Тұрғындардың ішкі әлемі таза болса, қаламызда қоқыс болмайды. Әркім іс-әрекетіне жауапты болуы керек», – дейді И.Байрамуков.

Сазгер Өктем Алтаев: «Әр демалыс сайын біз бұл аумақты тазалайтынбыз, бірақ мұнда қоқыс аз болмайды. Мен осы

учаскенің жергілікті тұрғындарын қоқыс тастамауға, тазалық сақтауға шақырғым келеді» деген.

«Алматыны қоқыстан тазартатын барлық қызметкерлерге көмектесуге келдік. Студенттер мен спортшылардың акцияға қосылып, қаламызды ретке келтіруге тырысып жатқанын көру өте қуанышты», – дейді 2024 жылғы Париж Олимпиадасының жүлдегері Ислам Сәтбаев. Бұл сөзге қосылған аталған Олимпиада жүлдегері Александра Ли: «Мұндай акцияға қатысу аса маңызды. Өйткені, біз қалада тұрып, тұрақты мекенімізді тазалаудамыз», – деді.

Экоакцияда «Эко-Рейнджерлер» қозғалысының Жастар қауымдастығының белсенділері де байқалды. «Жыл басынан бері қалада 200-ден астам экоакция өткізілді. Бұл – сенбілік қана емес, қайта өңдеу материалын жинау, танымдық дәрістер, т.б. Мегаполис жастары осындай іс-шараға белсенді қатысуда. Біз жергілікті жер ретінде Алматының әркез таза болуын қалаймыз, – дейді Алматы ауданы коммуналдық орталығының активити-үйлестірушісі Бейбіт Жасұланұлы.

Аумақты жинау үшін 3 арнайы техника жұмылдырылып, нәтижесінде 30 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. «Таза Қазақстан» акциясы басталғалы бері жиналған қалдықтын жалпы көлемі – 1300 тоннадан асады. Іс-шара мақсаты – қала тұрғындарының экологиялық санасын арттыру, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру әрі қалада тазалықты орынға қойған дұрыс деп білеміз», – деді іс-шара қоғамның табиғат алдындағы жауапкершілігін нығайтуға ықпал етіп, Алматының атағын асырып, баршаға қолайлы қалаға айналдыруға көмектеседі.

АКЦИЯ

КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚ

резиденттері қалалық сенбілікке шықты



Алматы қаласында республикалық «Таза Қазақстан» және қалалық «Алматы – біздің ортақ үйіміз» кампаниясы аясында ауқымды қалалық сенбілік өтті.

Іс-шараға қаланың барлық комьюнити-орталықтарынан 500-ден астам резиденті қатысты. Қатысушылар тек орталықтардың маңайын ғана емес, саябақтар мен скверлер сияқты қоғамдық орындарды да тазартуға белсене көмектесті.

Сенбілікке қатысқан жастар жыл бойы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған акцияларға дәстүрлі түрде қатысатындарын жеткізді.

«Экологиялық акциялар – бұл тек қаланы тазарту ғана емес, табиғатқа қамқорлық жасайтын адамдардың бірлігін сезінудің мүмкіндігі. Осындай сенбіліктер арқылы қаламыздың тазалығына кішкене болса да үлес қосқымыз келеді», – деді Түркісіб ауданы комьюнити-орталығының басшысы Тауасар Мұратхан.

Комьюнити-орталықтар Алматыда экологиялық мәдениетті дамытудағы маңызды алаңға айналды. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, 2024 жылдың басынан бері бұл орталықтарда 1500-ден астам іс-шара өткен, оның ішінде дәрістер, семинарлар, эко-акциялар, интеллектуалдық ойындар, шеберлік сабақтары, акустикалық кештер, спорттық турнирлер және т.б. Бұл іс-шараларға жалпы 375 мыңнан астам адам қатысса, соның 27 мыңы NEET санатындағы жастар.

Осы жылдан бастап әрбір комьюнити-орталықта қазақстандық өндірістің фандоматтары – оларды одан әрі өңдеу үшін пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларды жинау аппараттары орнатылды. Сонымен қатар, «Plastic reboot» акциясы аясында комьюнити-орталықтар 1 тонна пластик қаппақ жинады.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ЭКОНАУҚАН

БАУМ ТОҒАЙЫ ТАЗАРТЫЛДЫ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматыда Түркісіб ауданында орналасқан «Баум» тоғайында тазалық сенбілігі өтті. Осылайша аудан тұрғындары тазалыққа барынша мән берді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл игі іс – «Таза Қазақстан» республикалық бастамасының негізінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» эконауқаны аясында жүргізілді.

Аталған акцияға өнер адамдары, аудан

тұрғындары, белсенді азаматтар, экология жанашырлары, студенттер және т.б. қатысты.

«Өз қаламыздың тазалығын сақтап, айналымызды таза ұстап, көпшілікке өзіміздің үлгі-өнегемізді көрсетсек, ұтарымыз көп. Жалпы алғанда, өзімізде осындай іс-шара нәтижесінде тазалық сақтауды басты орынға қойған дұрыс деп білеміз», – деді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының труппа жетекшісі Саттар Ерубасев.

Сонымен қатар, Медеу табиғи паркі директорының міндетін атқарушы Ұзақ Жамбылұлы экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жүргізіліп жатқан істер төңірегінде ой қозғады.

«Таза Қазақстан акциясы бойынша біздің эко Алматы, қалалық экология және қоршаған орта басқармасы қызметкерлері және т.б. жұртышылықпен бірігіп осындай іс-шара ұйымдастырылды. «Баум» тоғайы бойында тазалық жұмыстары жасалды. Мұның мән-маңызын біліп, өскелең ұрпақ көріп, келелі істерді үйреніп, табиғатты аялай білсе екен», – деді ол.

Сондай-ақ, акцияға қатынасушылар қатарында студент жастар өз белсенділіктерін көрсетіп, келелі істің басы-қасында жүрді.

«Әрдайым осындай тазалыққа байланысты науқандарға қатысып тұрамыз. Саябақтарды, адамдар демалатын орындар тазарту маңызды болып саналады. Өйткені, қала таза әрі ұқыпты ұсталса, онда еліміз де тазарады, дами береді деп сенеміз», – деді студент Ерұлан Нұрәділ.